

## ДӘРІСТЕРДІҢ ТЕЗИСІ

---

**Лекция 1,2 Сот сараптамасының түсінігі, оның ғылыми, құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері.**

**Жоспар:**

1. Сот сараптамасы ғылымының пәні және басқа заң пәндерінің арасында алатын орны.
2. Арнайы білім, оларды сот өндірісінде қолдану формалары.
3. Сот сараптамасының ұғымы, қылмыстық істер бойынша дәлелдеу процесіндегі ерекшеліктері мен маңызы.
4. Қазақстан Республикасындағы сот сараптама мекемелері. Сот сараптама органдарының қызметі.

**1-сұрақ.** Қылмыстық, азаматтық және әкімшілік сотөндірісінде құқықтық біліммен қатар, ғылымның өзге де салаларының, техника, өнер, тәжірибелік қызметтің білімі қажет ететін жағдайлар жиі кездеседі. Ғылыми-техникалық құрал-жабдықтар мен әдіс-тәсілдерді қолдану дәлелдемелердің қайнар көздер шеңберінің көбеюіне, істерді тергеу мен сотта қарау сапасының жоғарлауы мен жеделдігіне өз әсерін тигізеді. Сонымен қатар, дәлелдеу процесінің ғылыми-әдістемелік деңгейінің өсуіне әкеледі.

**Сот сараптамасының пәні** болып – белгілі бір саланың біліміне сәйкес келетін және іске қатысты сұрақтарды шешу мақсатымен аталған сараптама құралдарымен зерттелетін объектілер мен тараптар.

Бірде-бір қылмыстық іс арнайы ғылыми білімді қолданбай шешілмейді.

«**Сараптама**» деген сөз латынның «*expertus*» сөзімен байланысты, бұл «тәжірибелі», «хабардар» дегенді білдіреді. Сараптама жөнінде жалпы айтсақ, қандай да бір арнаулы саладағы білімді тартуды қажет ететін сұрақтарды шешу үшін хабардар адамның (сарапшының) жүргізетін зерттеуін айтамыз.

**Сот сараптамасы** — жеке іс жүргізу әрекеті, оның мәні мән-жайларды шешу үшін маңызы бар жағдаяттарды белгілеу мақсатында арнаулы ғылыми білім-білік негізінде жүргізілетін іс материалдарын зерттеу болып табылады.

*Дәл осылайша «сот сараптамасы» ұғымы Қазақстан Республикасының «Сот сараптамасы туралы» Заңының 1-бабында белгіленген.*

Сот сараптамасы қылмыстық сот ісін жүргізудегі арнаулы білімдерді пайдаланудың ең білікті нысаны болып табылады. Ол іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында және оның сот қарауында барлық ғылыми танымның құралдарының арсеналын пайдалануға мүмкіндік бере отырып,

сот пен алдын ала тергеу органдарының танымдық мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді.

Қылмыстың тез арада ашылуы, тергеудің сапасы, тергеушінің істі тергеуге байланысты жұмысының мақсатты және ұйымдасқан түрде жүргізілуі тергеудің белгілі бір жоспармен жүргізілуіне тікелей байланысты. Қылмыстық іс қозғалғаннан кейін тергеу жоспарын жасау арқылы тергеуші тергеу барысында шешілетін сұрақтарды толық айқындап алып, осы сұрақтарды нақтылы қандай тергеу әрекеттерін, жедел іздестіру және басқа да ұйымдастырушылық шаралар жүргізу арқылы шешуге болатынын анықтап белгілейді.

Сұрақтар тергеп отырған қылмыстың мән жайын анықтауға байланысты болу керек. Сондықтан жоспарға кіретін сұрақтар осы қылмыс жөнінде тергеушінің ойша жасаған болжауынан туындайды. Тергеп отырған қылмыстың қалай, қандай жағдайда болғанын тергеуші, әрине, өз көзімен көрген жоқ. Бірақ қылмысты толық және объективті тергеу үшін тергеуші қылмыстың қалай болғанын ойша болса да болжап, қылмыстың жасалу жолын көз алдына елестетіп көріп, оның бейнесін ойша жасап көруі керек. Осындай ойша шығармашылық талдау процесінің үстінде қылмыстың қандай жағдайда болғандығы, қылмысқа қатынасқан адамдар және де қылмысты оқиғаның басқа да мән жайлары жөнінде белгілі бір болжаулар пайда болады. аталған болжауларды алуан түрлі сараптамаларды тағайындау арқылы тексереді. Алайда айтылған тұжырымдар сот сараптама мен криминалистиканың өзара байланысын көрсетіп отыр.

**2-сұрақ.** Қазіргі кезде сот өндірісінде қалыптасқан арнайы білім институты ұзақ эволюциялық даму жолымен өтті. Ол Қазақстанның сот жүйесінің тарихи даму процесінің ерекшелігіне және сот-тергеу тәжірибесінің объективтік қажеттілігіне тікелей байланысты. Даму тарихын төрт кезеңге бөлуге болады:

1-кезең. 18-ғасырдың ортасына дейін. Билер соттарының арнайы білімді қолданып даулы істерді шешуі туралы тарихи қайнар көздер мен халық арасында тараған аңыз-әңгімелер дәлел болып отыр.

2-кезең. 18-ғасырдың ортасы мен 20-ғасырдың басы. Қазақстанның Ресейге қосылғаннан кейін арнайы білімді сотөндірісінде қолдануды заң тарапынан реттеу. Ресей империясының заңына сәйкес жүргізілді. 3-кезең. 20-ғасырдың басы мен аяғына дейінгі уақыт. Кеңес одағының заңдарына сәйкес реттелді.

4-кезең. 20-ғасырдың аяғы мен қазіргі уақытқа дейін. Қазақстан егемендік алғаннан кейін ұлттық заңдарға сәйкес реттелуі.

Бірінші кезеңде халық арасындағы билер мен ақсақалдар өмірлік тәжірибесіне, көрегендігіне, әділеттілігіне, ақылдарына сүйене отырып, даулы мәселелерді шешкен. Оларды ешкім тағайындамаған және сайламаған. Әдет-ғұрып құқық нормаларын жақсы білуі, сөйлеу шешендігі, жеке басының қасиеттерінің кіршіксіз болуы нәтижесінен халық мойындауымен ғана би атағын ала алатын. Даулы істер, әдет-ғұрып нормаларымен қатар өмірлік тәжірибе нәтижесінде жиналған, бақылаушылық, аналитикалық

талдау жасау арқылы пада болған жалпыға мәлім емес білімді қолдануды талап ететін жағдайлар жиі кездесетін.

Екінші кезеңде Қазақстанның Ресей империясына қосылуымен байланысты. 17-18 ғасырларда Ресей сотөндірісінде арнайы білімді білгір адамдардың тергеу немесе сот әрекеттеріне қатыстырылуы арқылы жүзеге асырылды. Олар ауызша немесе жазбаша түрде есеп берген. Дәрігерлер дене жарақатының ауырлық дәрежесін анықтау мақсатымен, мәйіттің табылу фактісі бойынша іске қатыстырылған. Кейіннен олар мәйітті ашып көру (вскрытие) процестерін де жүргізген. 1832 жылы қабылданған Ресей империясының заң жинағында арнайы білімді қолдану туралы айтылып кеткен. Дәрігерлермен қатар, айыпкер сотөндірісі жүргізілетін тілді білмесе, тілмашпен қамтамасыз еткен. Қолжазбалар білгір адамдармен зерттелінген.

Үшінші кезеңге келетін болсақ, Қазақстан мен Ресейдің заңнамалары кеңес үкіметінің орнауымен байланысты. 1922 және 1923жж. қабылданған РСФСР-ң қылмыстық-процессуалдық кодекстері бойынша білгір адамдар эксперт, ал зерттеулері экспертиза деп аталды. Сонымен қатар, міндетті сараптама тағйындалатын жағдайлар заңмен реттелді. 1959ж. ҚазақССР-ң қабылдаған кодексінде тек қана эксперт қарастырылса, кейін толықтырулар негізінде (1967) маманның қатысуы қарастырылды.

Төртінші кезең қазіргі уақыттағы айналымдағы заңдармен байланысты. ҚазақССР заңдарының негізінде егеменді республика заңдары пайда болды. ҚІЖК-де негізгі түсініктер: сарапшы, маман, тілмаш, олардың процесуалдық жағдайы, сот сараптамасын тағайындау мен жүргізуге қатысты қатынастарды реттейтін 32-тарау, салыстырмалы үлгілерді алуға байланысты бөлек 33-тарау, ғылыми-техникалық құрал-жабдықтарды қолдану негіздері мен тәртібі, жаңа сараптамалардың түрлері реттелінген.

Тарихқа жүгінетін болсақ, ежелгі Рим мемлекетінде арнайы білімнің қолданған жағдайларын көре аламыз. Римде қолжазбаны зерттейтін мамандар алқасы болған. Олар жалған қолжазбаны зерттеп, сотта сарапшы ретінде дәлелдеме берген. Ежелгі Қытайда (з.ғ.д. 221ж) сот-медицина білімін қолданғанын дәлелдейтін жазбалар бар. Жеке басты идентификациялау мақсатымен Қытайда Тан династиясы, 900-1278жж. Сун династиясы кезінде қол саусақтарының таңбалары алынғандығын көрсететін деректер бар. И.Ф. Крыловтың жорамалы бойынша сот сараптамасының отаны Қытай елі.

Ресейде білгір адамдардың білімін 16 ғасырдың басында қолданған. Оған мысал: жалған қолжазбаны зерттеу фактісі мен өтірік ауырып қалған князь Андрей Старицкийді тексеруге дәрігердің келуі.

Сараптамалардың пайда болып көбеюіне жаратылыстану мен техникалық ғылымдардың дамуы тікелей байланысты. Даму қарқыны 16-17, әсіресе 18-19 ғасырларда орын алды. Криминалистикалық, сот-медициналық, сот-химиялық, сот-психиатриялық, сот-бухгалтерлік, дактилоскопиялық сараптамаларының, сот фотографияның пайда болып дамуына көптеген ғалымдардың еңбегі сіңді – М.В. Ломоносов, В.М. Бехтерев, Ю.В. Фрицше, Е.Ф. Буринский, С.П. Боткин, Д.И. Менделеев және т.б.

Бұл кездегі сараптамалық қорытындылар, білгір адамдардың көрсетпелері, көбінесе, объективті болмай, кінәлау жағына бейімдірек болып келді.

Кешірек сараптаманы қараудың бір түрі деп көрсеткен авторлар да болды (Я.И. Баршев). Ал Л.Е. Владимиров сарапшылардың қорытындысын «ғылыми судья» деп көрсетіп, оның берген шешімі іс бойынша шешуші болуы керек. Өйткені судьяның да, присяжныйлардың да бұл ғылым саласында білімі жоқ, олар сарапшы қорытындысын сынай да алмайды, сондықтан оның айтқаны заң деп көрсеткен.

**Арнайы білімнің түсінігі.** ҚІЖК-нің 7-бабының 41-тармағында: «Арнаулы білім - адам кәсіби оқудың не белгілі бір мамандық бойынша жұмыс істеуінің нәтижесінде алған, қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін шешу үшін пайдаланатын қылмыстық сот ісін жүргізудегі жалпы жұртқа белгілі емес білім». Заңда көрсетілген арнайы білім қылмыстық сот ісін жүргізуде жалпы жұртқа мәлім емес деп қана көрсетіп, оның нақты критерийларын бермегендіктен теорияда осыған байланысты әртүрлі көзқарастар бар. А.А. Эйсманның айтуы бойынша: «Көбі білмейтін, жалпыға мәлім емес, мамандардың шектеулі ғана тобы білетін білім» (Е.И. Зуев, Г.Е. Морозов қосылады). И.В. Сорокотягин, Г.С. Берлянд, Н.Р. Романов, Г.М. Надгорный, В.Н. Махов т.б. көзқарастары бойынша арнайы білім – бұл ғылым, техника, мәдениет және кәсіптегі білім жиынтығы және де ол арнайы немесе кәсіби дайындық, тәжірибе нәтижесінде алынады. Үшінші топ ғалымдары В.П. Зезянов, З.М. Соколовскийдің айтуынша арнайы білім – тергеу мен сот алдындағы мәліметтерді шешу үшін қажеттілік туғанда қолданылатын білім, олардың ойынша бұндай білім барлық жұртқа мәлім болуы мүмкін. Келесі топ өкілдері құқықтық білім саласын арнайы білім қатарына қосуда. П.К. Пощюнас, Г.А. Еленюк, П.П. Ищенко және Ю.Ю. Ярославтың айтуы бойынша: «Ғылым мен техниканың әр түрлі саласында арнайы білім алу арқылы пайда болатын білім емес, ол дәлелдемелік ақпарат алу мақсатымен қолданылатын әр ғылымның өзіне сәйкес саласындағы мәліметтерінің криминалистика фильтрі арқылы өткен білім жиынтығы». Яғни сарапшының негізгі білімі – жоғарғы біліміне қоса арнайы білім, криминалистика саласындағы білімі қажет».

Көптеген ғалымдардың ой-пікірлеріне талдау жасай келе проф. А.А. Исаев қылмыстық процестегі арнайы білімнің мазмұнын жүйе түрінде көрсетті:

1. арнайы білім білім жиынтығынан тұратын жалпыға мәлім емес және құқық саласынан өзге білім;
2. арнайы білім белгілі бір мамандық бойынша тұлғаның кәсіби білімі;
3. арнайы білім ситуациялық сипатта болады, олардың арнайы білім ретінде қолданылуы процесуалдық шешім қабылдаумен байланысты;
4. арнайы білім ғылыми білім қатарына жатады;
5. арнайы білім «негізгі» ғылым базасында синтезделінген білім жиынтығы.

Арнайы білім ғылыми техника жетістіктерінің тез дамуына байланысты, адамның таным қабілеттілігінің дамуына байланысты кейбір арнайы білім жалпыға мәлім білім қатарына қосылады.

Арнайы білім мен ғылыми білімді кейбір әдебиеттерде теңдестіреді. Бұл сарапшының қызметіне ғана байланысты дұрыс деп табамыз. Сараптама жүргізу үшін арнайы ғылыми білім міндетті түрде қажет. Қылмыстық сотөндірісінің мақсаттарын жүзеге асыру үшін қолданылатын арнайы білім қазіргі заманғы ғылым мен техниканың жоғарғы деңгейіне жауап беруі қажет. Бірақ бұл арнайы білім тек қана ғылыми білім болып табылмайды. Сотөндірісі кезінде кез келген кәсіби дайындық, тәжірибесі арқылы жинаған арнайы білімі бар адамдарды қатыстыра аламыз.

Сонымен арнайы білімді сотөндірісінде қолданудың шарттары келесідей:

1. Арнайы білімді сот өндірісінде қолданудың юридикалық және фактілік негіздері болуы керек. Фактілі негізі – іс бойынша пайда болған мәселелерді арнайы білім қолданып қана шешуге болады. юридикалық негізі – іс материалдары. Міндетті тағайындалатын сараптаманың процесуалдық негізі заң нормаларының талаптары (241-бап ҚІЖК).

2. Арнайы білім қылмыстық процесуалдық заң көрсететін формада қолданылуы керек: сот сараптамасы – ҚІЖК-ң 32-тарауы, ғылыми-техникалық құралдарды қолдану – ҚІЖК-ң 129-бабы.

3. Арнайы білімді қылмыстық процесс субъектілері өздерінің процесуалдық функциялар шеңберінде ғана қолдана алады (тергеуші, сот, прокурор, анықтаушы, сарапшы, маман, аудармашы).

4. Арнайы білімді қолдану қызметі қылмыстық процестің негізгі принциптеріне жүгінуі қажет. Заңмен рұқсат берілген ғылыми-техникалық құралдар ғана қолданылады.

5. Арнайы білімді қолдану қызметі процесуалдық іс-әрекет шеңберінде белгілі бір тәртіппен жүзеге асырылады. Мысалы, сараптаманы тағайындау тәртібі 242-бапта, ал сараптамалық зерттеу үшін салыстырмалы үлгілерді алу тәртібі 259-бапта көрсетілген.

6. Арнайы білімді қолдану нәтижелері сәйкес процесуалдық құжаттарда көрініс табуы керек.

Арнайы білімді қылмыстық процесте қолдану формалары.

Арнаулы білімдерді пайдаланудың нысандарын қарастыруға көше отырып, осы мәселе бойынша әдебиеттегі бірыңғай көзқарастың жоқтығын айта кету керек. Жіктеушілік элементтер кіретін арнаулы білімнің ең кеңейтілген және негізделген тізбесін В.Д. Арсеньев пен В.Г. Заблоцкий берді. Авторлар арнаулы білімді пайдалануды мына субъектілермен байланыстырады: а) процесті жүргізуші адмдар (органдар); б) арнайы танымдары анықталатын, іс жүргізу ережелері бар хабардар адамдар (сарапшы, сарапшылық мекеменің басшысы, маман, аудармашы, педогог, дәрігер); в) іс жүргізу ережелері арнайы танымдармен анықталмайтын хабардар адамдар (ревозор, техникалық инспектор және т.б.) іс бойынша олар куәлар ретінде тіркеледі.

**3-сұрақ.** Сот сараптамасы – арнайы білімдерді сот өндірісінде қолданудың ең дәрежелі формасы. Ол тергеу мен соттың танымдық мүмкіндіктерін елеулі түрде кеңейтеді. Сараптама – жаңа дәлелдемелерді алуда және бар дәлелдемелерді тексеруде тәуелсіз процесуалдық форма болып есептелінеді. ҚР-ң «Сот сараптамалық қызмет туралы» заңының 1-бабында: Сот сараптамасы – шешілуі үшін маңызы бар жағдаяттарды белгілеу мақсатында, арнаулы ғылыми білім-білік негізінде жүргізілетін қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік істердің материалдарын зерттеу.

Сараптаманы жүргізудің белгіленген процесуалдық формасы ҚІЖК-мен реттеледі. Яғни, сараптаманы тағайындау негіздері (240), тағайындау тәртібі (242), оны жүргізуі (245, 246), процесуалдық жағынан дайындауы (242), сараптама тағайындау мен жүргізу кезіндегі процеске қатысушылардың құқықтары (244) көрсетілген.

Сот сараптамасын тағайындаудың юридикалық және фактілі негіздері бар. Юридикалық негізі – тергеу жүргізуші органның шығарған негізделінген қаулысы, фактілі негізі – мәселелерді шешуде арнайы білімнің қажеттілігі.

Заң бойынша міндетті сараптама тағайындалатын негіздер көрсетілген (241-бап, ҚІЖК).

Сараптаманы процесуалдық институт ретінде көрсететін белгілер:

1. маманның ғылым, техника, мәдениет және кәсіп саласындағы білім негізінде іс мәліметтерін зерттеуі;
2. сараптаманы тағайындау туралы қаулыда көрсетілген сұрақтар арқылы зертте көлемін шектеуі;
3. қойылған сұрақтар бойынша сарапшының қорытынды жасауы.

Сот сараптамасының басқа тергеу әрекеттерінен айырмашылығы – фактілі мәліметтерді тергеушінің өзі емес, оның тапсырмасымен ғылым, техника саласындағы сарапшы анықтайды (субъектісі бойынша).

Сарапшы арнайы ғылыми білімге ие болып, заңда көрсетілген талаптарға жауап беруі керек:

1. Жоғарғы білімнің болуы;
2. Сот сараптамасының белгілі бір түрі саласында арнайы ғылыми білігі болуы тиіс;
3. Сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына арналған біліктілік куәлігінің болуы;
4. ҚР Әділет Министрлігінің комиссиясында аттестациядан өтуі;
5. Сот сараптамасын жүргізу құқығына лицензиясы болуы (Сот сараптамасы тур. Заңның 10-бабы).

Сараптамалық зерттеудің барысы мен нәтижесі арнайы процесуалдық құжат – сарапшының қорытындысы ретінде бекітіледі. Ол дәлелдеме қатарына жатады. Қорытынды – жазбаша нысанда ұсынылған, қылмыстық процесті жүргізуші орган немесе тараптар сарапшының алдына қойған мәселелері бойынша, объектілерді зерттеуде арнайы ғылыми білімін пайдалана отырып жүргізілген нәтижелерге негізделінген қорытындылар. Қорытындыда сарапшы зерттеу кезінде қолданған әдістер, қойылған мәселелерге жауаптардың негіздемесі, сондай-ақ іс үшін маңызы бар және

сарапшының өз бастамашылығы бойынша анықталған мән-жайлар көрсетіледі (ҚІЖК-ң 120-бабы). Қорытынды объективтік мән-жайлар көрінсі табатын ғылымның мәліметтеріне негізделінген сараптамалық зерттеудің нәтижелері болып табылады.

**Мамандардың қатыстырылуы.** ҚІЖК-сі бойынша қылмыстық процесті жүргізуші тергеу және сот әрекеттерін жүргізу кезінде дәлелдемелерді табуда, анықтауда, жинауда, бекітуде және зерттеу мен бағалауда көмек көрсету үшін маманды шақыруға құқығы бар (84-бап). Маманның қызметіне дәлелдемелерді жинау, бекіту мен баға беруде көмек көрсету.

Дәлелдемелерді жинауда – іздеу, анықтау, алу, бекіту, құжаттау, сақтау, буып-түю болып табылады. Маман криминалистикалық маңызы бар ақпараттарды өңдеуде қатысады – көшірмелерді дайындау, іздестіру таблицаларын құрастыру, криминалистикалық есептегі мәліметтерді жүйелеу, толықтыру, қолдану т.б. Маман сараптама тағайындау мен материалдарды дайындауда үлкен рөл атқарады.

Дәлелдемелерді зерттеу кезінде тергеушіге алынған мәліметтің криминалистикалық маңызын, сапасын анықтауға, оларды ғылыми-техникалық құралдарды қолданып зерттеуге, болжауларды құрып, тексеруге, тергеу әрекеттерін жоспарлауға көмегін тигізеді.

Дәлелдемелерге баға беруде олардың қатыстылығы, жол берушілігі, жеткіліктілігі тарапынан қарастырылады. Маман, сонымен қатар, кеңес беру мен техникалық құрал-жабдықтарды дұрыс қолдануда өз көмегін тигізеді.

Маманның тергеу әрекетіне қатысқандығы туралы хаттамада көрініс табады. Оның айтқан кеңесі, ойы, қойған сұрақтары т.б. бекітіледі.

Қылмыстық процестегі сот сараптамасы институты мамандар институтымен жақын жанасады. Олардың ұқсастығы тергеу және соттың іске қатысты пайда болатын сұрақтарға байланысты арнайы білім қолдануында. Ал ерекшеліктері келесідей: а) сараптама – жеке түрдегі процесуалдық әрекет, ал маманның көмегі тергеу әрекетін жүргізгенде жүзеге асырылады; б) сарапшының процесуалдық міндеті – заң бойынша дәлелдемелердің қайнар көзі болып табылатын қойылған сұрақтар бойынша дәлелді қорытынды беруі. Ал маман тергеушінің дәлелдемелерді жинауда, табуда, бекітуде техникалық құралдар мен әдістерді қолдануға, арнайы сұрақтар бойынша кеңес беруге көмекші қызметін атқарады. Маманның пікірі заң шығарушы тарапынан дәлелдемелердің қайнар көзі болып есептелінбейді, бірақ оны табуға, бағалауға әсерін тигізе алады; в) сарапшы қорытынды жасағанға дейін жеке зерттеу жүргізеді, ал маман тергеушінің басшылық етуімен дәлелдемелерді жинауда қатысады; г) сарапшы қылмыстық жауаптылыққа, ал маман әкімшілік жауаптылыққа тартылады.

Заңда маманның міндетті түрде қатысатын негіздері көрсетілген: мәйітті қарау кезінде, эксгумация, кәмелетке толмаған іске қатысушы болса, педагог пен психологтың қатысуы.

**Ревизия.** Ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру мақсатымен жүргізіледі. Оның жүргізілуі сот өндірісіне қатысты емес, бірақ

нәтижесі негізінде қылмыстық іс қозғалуы мүмкін. Мемлекеттік ұйымдардың бюджеттен бөлінген ақша қаражаттарының мақсатты, дұрыс қолдануын, салықтардың төленуін, қаржылық қызметінің заңды бұзбай жүргізілуін Қаржылық Бақылау Комитеті тексереді. Тергеу жүргізуші органның тапсырмасы бойынша комитет ревизия жүргізе алады. Немесе өзі тексерген мемлекеттік ұйымдарда талан-таражға салу, иемдену фактісінің анықталуына байланысты ревизия материалдарын құқық қорғау органдарына жібереді. Аудит – коммерциялық ұйым. Ревизиямен ұқсас. Аудит субъектілердің шаруашылық-қаржылық, есеп жүргізу қызметін тексеру мақсатында жүргізіледі. Аудит объектінің бастығы, бухгалтері, акционерлерінің бастамасымен тағайындалады.

**Соттық емес сараптама.** Сот өндірісіне байланысты емес жүргізіледі және процесуалдық формаға ие емес. Бірақ бұл сараптаманың қорытындылары қылмыстық іс қозғауға негіз бола алады. Олар: мемлекеттік, қоғамдық, ведомствалық және жеке фирмалардың жүргізетін сараптамалары болып өзкезегінде бөлінеді. Өкілеттілігі бар мемлекеттік органдармен сәйкес нормативтік актілер негізінде жүргізілетін сараптамалар. ҚР-ң «Табиға және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» заңы бойынша (о чрезвычайных ситуациях природного и техногенного характера) жер қойнауын қолданудың тәртібі мен жағдайларының сақталынуы, өндірістік мақсаттағы объектілер бойынша шешімдер мен жобаларды жүзеге асыру кезінде нормалардың, стандарт пен ережелердің сәйкес келуін анықтау, инженерлік құрылымдардың техникалық жағдайына бақылау салу т.б. Қоғамдық сараптамаларды көбінесе табиға ресурстарды қолдану мен қоршаған ортаны қорғау аясында лицензия мен сертификаттарды алу кезінде экологиялық сараптамалар жүргізіледі. Оның объектісіне жобалардың материалдары, келісімдер, шарттар, құжаттар жатады. Бұл сараптамалар санитарлық-гигиеналық нормаларға жүгінеді. Ведомствалық сараптамалар қызметтік сипатта болып белгілі бір ведомствоның ақпарат алу мақсатында жүргізіледі. Мысалы, ҚР «Кедендік ісі туралы» қаулысы бойынша біздің шекарадан өтетін тауарларды кеден органдары зерттеуге міндетті. Оларға: тағамдар, алкогольді және алкогольсіз ішімдіктер, автокөліктер, кара және түсті металдар, нефть және нефть өнімдері, тұрмыстық және электрлік өнімдер, дәрі-дәрмектер, өлшемдік және медициналық құралдар, қағаздар, құрылыс материалдары және күнделікте қолданылатын өнімдер т.б. жатады. Сараптама кезінде заттардың физикалық және химиялық құрылымдары анықталады, өндіретін елдер, тауарлық номенклатурасы, маркасы, сорты, түрі, сапасы, экологиялық қауіпсіздігі, есірткі, улы заттарға жату дәрежесін т.б. анықталады. Жеке фирмалардың жүргізетін техникалық сараптамалары кезінде технология мен өнімдердің сертификациялауы жүзеге асады. Бұл сараптамалардың мақсаты – зерттелінетін объектілердің сапасын, қасиетін, олардың ережелерге, нормаларға, технологияларға сәйкес келуін анықталынады. Бұл сараптамаларды жүргізетін мамандарды (сарапшылар) мемлекеттік органдар өздері дайындайды. Мысалы, мемлекеттік стандарт, патент, сараптама органдары, ведомствалары. Соттық емес сараптамалар



қылмыстық сот өндірісімен байланысты емес. Сараптамалардың нәтижесі қорытынды, сертификат, анықтама түрінде дайындалады.

Білгір тұлғалардың ақпараттық қызметі. Тергеу үшін маңызды мәселелерге байланысты жіберген сұрауларына органдардың жауап беруі. Мысалы: ақпараттық центрден аты-жөні, мекен-жайы, соттылығы, психодиспансерден есі дұрыстығы, ауырса қандай ауру, тіркеуде тұруы, диагнозы және т.б. нақты сұрақтар бойынша анықтама алу.

Әдебиетте көптеген ғалымдар арнайы білімді қолдану формаларына байланысты әртүрлі көзқарасты ұстанады. Олар қолдану формаларын процесуалдық және процесуалдық емес, заң нормаларында реттелу дәрежесіне қарай, субъектілеріне байланысты және т.б. деп бөліп көрсетеді.

**4-сұрақ.** Қазақстан Республикасындағы сот сараптамасын жүргізетін мекемелер. Сот сараптамалары мемлекеттік органдарда және одан тыс жүргізіледі. Заңның 3-бабында: ҚР Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы мен оның аумақтық бөлімшелері; ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Сот медицинасы орталығы мен оның аумақтық бөлімшелері; ҚР-ң заңдарымен қылмыстық қудалау функциясы жүктелген мемлекеттік органдардың бөлімшелерінен басқа, функциясына ҚР-ң заңдарына сәйкес сот сараптамасын жүргізу жатқызылған мемлекеттік органдардың мамандандырылған бөлімшелері енетін сот сараптамасы мемлекеттік органдардың жүйесі жүзеге асырады. Бұл ІІМ-гі мен ҰҚК-ң қызметкерлері.

Қылмыстық процесте арнайы білімді қолданатын субъектілер. Әдебиетте арнайы білімді қолданатындардың қатарына сарапшы мен маманды кіргізеді. Арнайы білімді сотөндірісінде қолдану субъектілерінің бір жағына міндетті түрде мемлекеттік орган өкілдері жатады. Оларға: сот, прокурор, тергеуші, тергеу бөлімінің бастығы, анықтама органы, анықтама жүргізуші тұлға. Оларға іс бойынша заң нормаларын қолдану құқығы берілген. Арнайы білімі бар тұлғаларды: сарапшы, маман, аудармашыны іске қатыстырта алады.

Екінші топқа – қылмыстық процеске қатысушылар – сезікті, айыпталушы, олардың қорғаушысы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, жауапкер, олардың өкілдері. Олар арнайы білімді өз құқықтарын немесе біреулердің құқықтарын жүзеге асыру мақсатында қолданады.

Үшінші топқа – мемлекеттік органға сот өндірісінің міндеттерін орындау барысында өз көмегін тигізетіндер: куә, сарапшы, маман, аудармашы, куәгер, сот мәжілісінің хатшысы.

Бірінші топ – арнайы біліммен байланысты нормаларды қолдануды жүзеге асыратын субъектілер;

Екінші топ – нормаларды қолданатын субъектілер;

Үшінші топ – нормаларды сақтайтын, орындайтын, қолданатын субъектілер.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Исаев А.А. Теоретические и правовые проблемы применения специальных познаний для квалификации преступлений. Алматы: 1999.

2. Исаев А.А. Специальные познания в уголовном судопроизводстве: Учебное пособие. —Алматы, 2001.
3. Мозговых Г.А. Предмет судебной экспертологии / Вестник КазГУ, серия юридическая, 4 (13), Алматы, 1999.
4. Бычкова С.Ф. Организация назначения и производства судебной экспертизы: Учебное пособие. – Алматы: «Ағдi әәд'û», 1999.
5. Винберг А.И., Малаховская Н.Т. Судебная экспертология. Общетеоретические и методологические проблемы судебных экспертиз: Учебное пособие. Волгоград ВСШ МВД СССР, 1979.
6. Аубакиров А.Ф., Гинзбург А.Я., Лившиц Ю.Д. Значение экспертизы в расследовании преступлений: Учебное пособие. Караганда, 1991.
7. Шакиров К. Судебная экспертиза (проблемы теории и практики), Алматы, Аркаим, 2002 г.

### **Лекция 3. Сот сараптамасын топтастыру.**

#### **Жоспар:**

1. Білім саласы бойынша сот сараптамасын топтастыру.
2. Сот сараптамасының кластары, түрлері және жалпы сипаты.

**1-сұрақ.** Сот сараптамалары бірнеше негіздер бойынша классификацияланады. Сараптаманың тағайындалуы, жүргізілуі мен қорытындысына баға беру кезінде дұрыс классификациялаудың атқаратын рөлі елеулі деп көрсетуге болады.

Сараптамаларды жүргізу кезектілігіне қарай – алғашқы және қайталама;  
Зерттеу көлеміне қарай – негізгі және қосымша;

Қатысатын сарапшылар санына қарай – жеке және алқалы;

Қолданылатын арнайы білімнің сипатына қарай – біртекті және кешенді;

Ал классификациялауда басты негіз болып зерттеу пәні болып табылады. Сот сараптамасы ғылымында пәні бойынша классификациялауда сараптамаларды класқа, топқа, түрге бөлу қарастырылады. Класы бойынша оңға бөлінеді. (Шляхов А.Р.)

1. криминалистикалық;
2. медициналық және психофизиологиялық;
3. инженерлі-көліктік;
4. экономикалық;
5. биологиялық;
6. инженерлі-техникалық;
7. инженерлі-технологиялық;
8. ауылшаруашылық;
9. экологиялық;
10. өнер зерттеу

Кластар топқа бөлінеді. Мысалы: криминалистикалық сараптамалар трасологиялық, баллистикалық, автороведтік, қолжазбалық т.б. өз кезегінде

топтары түрлерден тұрады. Мысалы: трасологиялық қол саусағының сараптамасы, аяқ, аяқ киімнің ізінің сараптамасы, бүтінді бөлшек арқылы анықтау сараптамасы т.б.

**2-сұрақ.** Сараптамалардың түрлері.

Жеке сараптамалар бір сарапшының қатысуымен жүргізіледі.

Комиссиялық сараптама – бір мамандақтықтағы сот сарапшыларының комиссиясы жүргізетін сот сараптамасы. Сонымен қатар, зерттеу көлемі үлкен, күрделі немесе маңызды болатын жағдайларда тағайындалады. Комиссия болып сараптама жүргізу кезінде зерттеу нәтижелерін талқылап бір келісімге келсе ортақ қорытынды беріледі. Ал егер сарапшылардың ішінде келіспеушілік, өзге ой-пікірлер туындаса, қорытындыда көрсетіледі немесе бөлек қорытынды беріледі.

Кешенді сараптама – егер іс үшін маңызы бар жағдаяттарды анықтау үшін білімнің түрлі салаларының негізінде зерттеу қажет болған жағдайларда, әр түрлі мамандықтағы сот сарапшыларының комиссиясы жүргізетін сот сараптамасы.

Қосымша сараптама – алдыңғы сараптаманың нәтижелері бойынша сарапшының қорытындысы жеткілікті дәрежеде анық болмаған не сот сарапшысы өзінің алдына қойылған мәселелерді толық шешпеген не алдыңғы зерттеумен байланысты қосымша мәселелерді шешу қажет болған жағдайларда жүргізілетін сот сараптамасы. Қосымша сараптама алдында алғашқы сараптама жүргізілгеннен кейін тағайындалады. Ол екінші, үшінші мәрте жүргізілуі мүмкін. Анық болмаған жағдайда сарапшыдан жауап алынуы арқылы сараптамалық әдістеменің, қолданылған ғылыми-техникалық құралдардың, анықталынып табылған белгілердің, олардың жиынтығына сарапшының берген бағасының, жеке терминдер мен формулировкаларының мәні мен мағынасы анықталынады. Толық шешпеген жағдайларда сарапшы кейбір сұрақтарға жауап бермесе, тапсырма көлемін кішірейтсе, берілген объектілердің кейбіреуін зерттемесе қосымша жүргізіледі. Қосымша сараптаманы алғашқы сараптама жүргізген сарапшыға немесе өзгеге тапсырылады. Міндетті түрде алғашқы сараптаманың қорытындысы беріледі.

Қайталама сараптама - алдыңғы сараптаманың нәтижелері бойынша сарапшының қорытындысы жеткілікті негізделмеген не оның дұрыстығы күмән тудыратын не сараптама жүргізудің іс жүргізу нормалары елеулі түрде бұзылғанда жүргізілген сот сараптамасы. Қайталама сараптамада сол объектілер, сол қойылған сұрақтар қарастырылады. Бұл сараптамада алғашқы жүргізілген зерттеу кезінде қолданылған әдістердің ғылыми негізділігі туралы сұрақ қойылуы мүмкін. Қайталама сараптама тағайындау туралы қаулыда міндетті түрде алғашқы сараптаманың нәтижесімен келіспеушіліктің себептерін, сонымен қатар, қорытындыларды жіберу қажет. Көбінесе сараптаманы жүргізудің процесуалдық тәртібінің бұзылуына себепті қайталама сараптамасы тағайындалады. Тергеуші немесе сараптама тағайындап отырған орган сарапшының құзыреттілігіне, зерттеу мәселелерін дұрыс түсінгендігіне, зерттеудің толықтығына, сәйкес әдістерді қолдануына көңіл бөлулері керек. Сарапшының қорытындысымен келіспеушіліктің

барлық жағдайында сараптама тағайындалмайды. Қайталама сараптаманы алқалы түрде жүргізеді.

**Қолданылған оқулықтар:**

1. Россинская Е.Р. Судебная экспертиза в уголовном, гражданском, арбитражном процессе. – М., 1996.
2. Шакиров К.Н. Судебная экспертиза: Учебно-практическое пособие в схемах. Алматы: ВШП, 1998.
3. Энциклопедия судебной экспертизы / Под ред. Т.В. Аверьяновой, Е.Р. Россинской. – М.: Юристъ, 1999.
4. Бычкова С.Ф. Организация назначения и производства судебной экспертизы: Учебное пособие. – Алматы: «Жеті жарғы», 1999.

**Лекция 4,5. Материалдарды дайындау мен сот сараптамасын тағайындау.**

**Жоспар:**

1. Сот сараптамасына материалдарды дайындау мен тағайындауда тергеуші, маман, сарапшының құзыреті.
2. Сот сараптамасын жүргізудің және тағайындаудың негіздері.
3. Сараптамалық зерттеу объектілері және зерттеу үшін үлгілер алу.

**1-сұрақ.** Сарапшы іске мүдделі емес, арнаулы ғылыми білімі бар адам. (83бап ҚІЖК)

Сараптама туралы заңға сәйкес сараптама келесі тұлғаларға тапсырылуы мүмкін:

- сот сараптамасының қызметкерлеріне;
- лицензия негізінде қызметін жүзеге асыратын сарапшыларға;
- т.б. тұлғаларға ҚР заңында көзделген. (разовый порядок).

Сот сараптамасы келесі тұлғаларға жүргізуге тыйым салынады: заңмен әрекет қабілеттілігі шектеулі немесе жоқ деп танылған тұлғалар, соттылығы бар, сот сараптама органдарынан шығарылған. Сарапшы. ҚІЖК-ң 83-бабы.

Сарапшы: 1. іске мүдделі емес; 2. арнайы білімі бар; 3. сараптама жүргізу тапсырылған тұлға.

Сарапшы: 1. Сот сараптама мекемесінің қызметкерлері; 2. Лицензия негізінде өз қызметін атқаратын тұлға; 3. 1 реттік рұқсат бойынша сараптама жүргізуші.

Сарапшы сот сараптаманы қылмыстық процесс органы шығарған қаулы негізінде жүзеге асырады.

Сарапшының құқықтары мен міндеттері ҚІЖК 83 бабында көзделген.

Сарапшыдан бас тартудың негіздері ҚІЖК 96 бабында қарастырылған.

Сарапшының атқарған қызметі үшін сыйақыны алудың тәртібі ҚІЖК 173 бабында көзделген.

Сарапшының өз міндеттерін орындамауы Заңда 13 бабында оның әкімшілік, қылмыстық, материалдық, тәртіптік жауапкершілікке тартылуын көздейді.

ҚК 352 бабында сарапшы жалған қорытынды бергені үшін жауапкершілікке тартылады.

Маман тергеуге және сот әрекетіне маман ретінде қатысуы үшін іске мүдделі емес, дәлелдерді жинау, зерттеу, бағалау, техникалық құралдарды жәрдем көрсету үшін қажетті арнаулы білімі бар адам шақырылуы мүмкін.

Сот сараптамасын тағауындау кезінде маманның өкілдігі өзара кең, өйткені сот сараптаманы тағайындау бұл тергеу әрекеті болғандықтан, маманның қатысқаны қажет. Мәселен, істің материалдарымен танысқан соң маман қандай сараптама тағайындау қажеттілігін және сараптамаға қандай сұрақтар қою қажеттілігін анықтауға көмектеседі. Сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыны шығаруға маман тікелей қатыса алады. Тергеушінің құзыреті сот сараптамасын тағайындау туралы шешім шығаруда (қаулы) сараптамаға қойылатын сұрақтарды дайындауда сарапшыға зерттелетін объектілерді ұсынуға тікелей қатысады.

**2-сұрақ.** Сараптама тағайындаудың заңи және шынайы негіздері бар. Сараптама жүргізу мекемелеріне Заңға сәйкес келесі органдар жатады:

ҚР Әділет Министрлігінің жанындағы сот сараптама орталығы оның территориялы бөлімдері; ҚР Денсаулық Министрлігінің жанындағы сот медициналық орталық олардың бөлімдері, мемлекеттік органдардың мамандандырылған бөлімдері.

ҚР сот сараптамалық қызметі заңға сәйкес келесі қағидаларға сүйенеді, олар:

Заңдылық, сот сарапшының процессуалды тәуелсіздігі, сот сараптама органдарының тәуелсіздігі, қолданатын әдістердің ғылыми негізділігі, кәсіби этиканы сақтау.

Аталған органдарға материал түскен сәттен бастап олардың басшылары сот сараптамасын жүргізуді ұйымдастырады. Сот сараптамасын жүргізу уақыты ведомствалық нұсқауларға сәйкес жүргізіледі 3 сағаттан- 20 күнге дейін, кешенді сараптама 30 күнге дейін.

Сот сараптама тағайындаудың негіздері ҚІЖК 241,242 баптарда көзделген.

Сотқа дейін сот сараптаманы дайындаудың тәртібі. ҚІЖК 241-2 Мұндай сараптаманы жүргізу екі сатыдан тұрады:

Дайындық сатысы: сараптама тағайындау туралы шешім шығару, жоспарлау, сұрақтарды дайындау, сараптаманың түрін белгілеу, сараптамалық мекемені таңдау, сарапшыға материалдар дайындау.

Сараптамаға тапсыру; қаулы шығару, сараптама басшысына тапсыру.

1 инстанцияда, апелляцияда сараптама тағайындау тәртібі. Сот мәжілісінде арнайы білімді қажет ететін мән-жайлар туындаса сот сараптама тағайындауға құқылы. ҚІЖК 354 бап тараптардың, соттың инициативасы бойынша сараптама тағайындалады. Сараптаманы алдын-ала тергеу барысында жүргізген сарапшыға тапсыру немесе соттың өзі сарапшы

тағайындауға құқылы. Сотта сарапшы тараптарға сұраулар қоюға құқылы. Сотта сарапшы қорытындыны жазбаша түрде береді.

Сараптама жүргізуге құжаттар дайындау. Қаулы, қылмыстық істің материалдары. Қаулы кіріспе, сипаттау, резолютивті, бөлімдерден тұрады. Сипаттау бөлімінде істің фабуласы, тағайындау негізі, объектілер туралы мәліметтер; кіріспеде қаулыны шығарған орган уақыт, лауазымы; резолютивті сараптаманың түрі, сұрақтар, сараптама органының атауы беріледі.

**3-сұрақ.** Сот сараптамасының объектілері. Сот сараптамасының объектісі қылмыстың оқиғасына қатысы бар мәліметтерді алу мақсатымен сараптамалық зерттеуге жататын материалдық заттар, мен құбылыстар болып табылады.

Процесуалдық формасы жағынан объектілер:

1. айғақты заттар;
2. құжаттар;
3. тірі адамдар (денесі, психикалық, психологиялық, физиологиялық құбылыстар);
4. салыстырмалы үлгілер;
5. мәліметтер (қылмыстық іс материалдарында қарастырылатын);
6. мәйіттер;
7. ғимараттар мен құрылыстар.

Сараптама тағайындайтын субъект объектілердің ақиқаттылығын және заңға сай алынғандығын куәландыруы міндетті. Олар ережелерге сәйкес буып-түйіледі.

Салыстырмалы үлгілерді алу (ҚІЖК-ң 33-тарауы). Объектінің өзін зерттеу мүмкін болмаған жағдайда немесе салыстырмалы зерттеу үшін қажет болған реттерде алынады. Салыстырмалы үлгілерге: 1. Айғақты заттар; 2. Аналогтары; 3. Салыстырмалы үлгілер жатады.

ҚІЖК-ң 256-бабы бойынша:

1. Қан, шаш, сперма, тырнақ және т.б.
2. Сілекей, тері, адам денесінен бөлінетін бөлшектер;
3. Қол саусақ таңбалары, тіс қалыпы;
4. Қолжазба мәтіні, адам дағдысын көрсететін мәліметтер;
5. Дауыс фонограммасы;
6. Материалдық заттардың дайын өнімі, сыныптары;
7. Оқ, гильза, құралдардың іздері мен механизмі.

Салыстырмалы үлгілердің түрлері:

1. Эксперименталды үлгілер – арнайы сараптама жүргізу үшін алынған үлгілер;
2. Еркін үлгілер – қылмыстық іске қатысы жоқ, бұрын пайда болған үлгілер;
3. Табиғи – физиологиялық қызмет нәтижесі ретінде (қан, шаш, тері үлгілері);
4. Еркін-шартты – қылмыстық іс қозғалғаннан кейін пайда болған, бірақ арнайы сараптама үшін алынбаған.

Салыстырмалы үлгі алу үшін тергеуші негізделінген қаулы шығарады. Үлгілер мүмкін болған жағдайда тергеушінің өзімен немесе арнайы білімі бар тұлғамен алынады.

**Қолданылған оқулықтар:**

1. Мозговых Г.А. Получение образцов для экспертного исследования / Вестник КазГУ, серия юридическая № 4 (13). – Алматы, 1999.
2. Поврезнюк Г.И. Судебная экспертиза. Алматы: ТОО «Аян °дет», 1999.
3. Поврезнюк Г.И., Брушковский К.Б., Специалист в уголовном и гражданском судопроизводстве. – Алматы, ТОО «Аян °дет», 2001.
4. Эксперт (руководство для экспертов органов внутренних дел и юстиции), М., Право и закон, 2003 г.
5. Энциклопедия судебной экспертизы, М., Юрист, 1999 г.
6. Смирнова С.А. Эксперт в правоприменительном процессе, С-П, Питер, 2001 г.

**Лекция 6. Сот сараптамасын жүргізудің әдістемелік негіздері. (1 сағат)**

**Жоспар:**

1. Сараптамалық зерттеу әдістемесінің түсінігі.
2. Сараптамалық зерттеу кезеңдері.
3. Сараптамалық зерттеу түрлері: идентификациялық зерттеу, классификациялық зерттеу, диагностикалық зерттеу, ситуациялық зерттеу.

**1-сұрақ.** Сараптамалық зерттеу әдістемесі.

Сараптамалық зерттеу жүргізу барысында қолданатын, объектілерді зерттеуге бағытталынған әдістер, тәсілдер және ғылыми-техникалық құрал-жабдықтардың жүйесі.

Әдістеме – техникалық ғылым, жаратылыстану ғылымдарынан алынған, сот сараптамасына бейімделінген әдістер жиынтығынан тұрады. Олар ғылыми негізделінген, апробациядан өткен, оларды қолдану нәтижелері сотөндірісінің барлық субъектілеріне көрнекі, түсінікті, ар-ожданына, қасиеттеріне қол сұқпайтын, моральды-этика нормаларына қайшы келмеуі керек.

Зерттеу кезінде формалды логиканың заңдылықтары мен категориялары, анализ, синтез, индукция мен дедукциялық ой-тұжырымдары қолданылады. Зерттеу жан-жақты, толық, ғылыми негізделген болуы қажет және сараптаманың жетілген әдістері пайдаланылады. И-қ сараптама 4 кезеңнен тұрады: объектілерді сараптамалық қарау, жеке зерттеу, салыстырмалы зерттеу, анықталған белгілердің жиынтығына баға беру мен қорытынды жасау.

**2-сұрақ.** Сараптамалық зерттеу кезінде объектілер зерттелінеді. Зерттеу 4 кезеңнен тұрады: дайындық, жеке зерттеу, салыстырмалы зерттеу, зерттеу

нәтижелерін бағалау және сараптама қорытындысын шығару. Бөлек сараптамалық зерттеу- объектінің жеке және жалпы белгілерін зерттеу. Салыстырмалы зерттеу екі сатыдан тұрады: жалпы белгілерін зерттеу, жеке белгілерін зерттеу. Салыстырмалы зерттеу қорытынды шығарумен аяқталады. Сараптамалық идентификациялық зерттеудің жалпы әдістемесі.

Сараптамалық қарау – қажетті 1 кезең б.т. қаулыда көрсетілген объектілердің барлығы бар ма, олар процессуалдық жағынан дұрыс рәсімделген ба, олардың (подлинность) дұрыстығында күмән жоқ па, сонымен қатар, олардың идентификацияға жарамдылығы анықталынады. Қарау кезеңінде жоспар құрылады және қолданылатын әдістер анықталынады.

Жеке зерттеу - әр объектіге тиесілі идентификациялық белгілердің максималды көлемін анықтап алу. Бейнесін қалдырған объектілерді зерттеу кезінде іздің пайда болу механизміне көңіл бөлінеді. Анықталынған белгілер бекітілініп алып, көрнекі түрде фотосуреттерде, таблицаларда, схемаларда көрсетілуі керек.

Салыстырмалы зерттеу – ұқсас белгілерді салыстырып, олардың ұқсастық немесе өзгешелік мәселесі шешеді.

Бағалау мен қорытынды жасау – ұқсас немесе ерекше белгілер жиынтығына баға беріледі. Бағалау кезінде жекелігіне, қайталанбайтындығына, жеткіліктілігіне қатысты оң, теріс нәтиже беріледі.

**3-сұрақ.** Сараптамалық зерттеу: идентификация және идентификациялық емес болып бөлінеді. Идентификациялық емес зерттеу түрлеріне классификациялық, диагностикалық, ситуациялық зерттеулер жатады.

Қылмыстарды ашу мен тергеу кезінде идентификациялық сипаттағы мәселелерді шешу қажеттілігі туындайды. Мысалы: осы қарудан атылған ба, табылған із осы бұзу қаруымен қалдырылған ба т.б.

Қоршаған ортадағы барлық объектілер ұқсастықтарына қарамастан жеке және қайталанбайды.

Объектінің жекелігі дегеніміз – оның өзіне-өзі ғана тең және басқа объектілерден ерекшеленеді.

Идентификация түрлері. И-қ зерттеулер бірнеше негіздер бойынша бөлінеді. Теңестірудің сипаты бойынша жеке, яғни нақты жеке объектінің теңдестірілуіне қатысты және топтық, яғни зерттелетін объектінің классификациялық белгісін анықтау. Бір топқа жататын объектілердің жалпы ортақ белгілері болады. Көптеген сараптамалық зерттелер осы топтық идентификациядан басталады. Сарапшы объектіні зерттеуді жалпы белгілеріне талдау жасаудан бастайды. Зерттелетін және ізделінетін объектілердің классификациялық белгілері әртүрлі болса, сараптаманы ары қарай жүргізбей тоқтатуға болады.

Идентификацияланатын объектілердің табиғаты қарай ойдағы объект бойынша (адамның есінде қалған), материалды бекітілуі бойынша, бүтінді бөлшек бойынша деп бөлеміз.



Біріншісі бойынша объектіні қабылдау кезіндегі заңдылықтар мен шарттары, қабылдаған адамның есте сақтау ерекшеліктері, танытуға көрсету жағдайлары, психологиялық заңдылықтары ескеріледі.

Екінші, үшінші түрі көбінесе сараптамалық зерттеулерде қолданылады. Материалды ортада өз бейнесін қалдыру механизміне талдау жүргізіледі, салыстырмалы үлгілер қолданылады, идентификацияланатын және идентификациялаушы объектілерге жеке және салыстырмалы зерттеу жүргізіледі.

Идентификация жүргізетін субъектіге қатысты тергеулік және сараптамалық деп бөледі.

Идентификацияланатын объектіге байланысты: адамды, жануарды, заттарды деп жіктелінеді.

Криминалистикалық техниканың тарауларына байланысты: трасологиялық, баллистикалық, дактилоскопиялық т.б.

И-я процесіне қатысатын объектілер: идентификацияланатын – ізделінетін, тепе-теңдігі анықталыну и-ң мақсаты б.т. (қару-жарақ, адам, бұзу құралы, баспа машинкасы). Идентификациялаушы – ізделінетін объектінің тепе-теңдігін анықтау үшін қолданылатын объект. (аяқтың ізі, қолжазба, атылған гильза, оқ, бұзудан қалған із).

#### **Қолданылған оқулықтар:**

1. Колдин В.Я. Идентификация при расследовании преступлений. М., «Юрид.лит», 1978г.
2. Закатов А.А., Оропай Ю.Н. Использование научно-технических средств и специальных знаний в расследовании преступлений. Киев, МВД УССР, 1980г.
3. Бычкова С.Ф. Организация назначения и производства судебной экспертизы: Учебное пособие. – Алматы: «Жеті жарғы», 1999.
4. Бычкова С.Ф., Калимова А.С. Сот сараптамасы. – Алматы, «Жеті Жарғы», 2006ж.

#### **Лекция 7. Қолжазбатану сараптамасы. (1 сағат)**

##### **Жоспар:**

1. Соттық қолжазбатанудың ғылыми негіздері, қолжазбатану сараптамасының пәні, объектілері және түрлері.
2. Сараптамамен шешілетін мәселелер.
3. Қолжазба сараптамасына дайындық.
4. Автортану сараптамасының пәні, қарастыратын мәселелер.

**1-сұрақ.** Қолжазба сараптамасы көптеген азаматтық және қылмыстық істер бойынша жүргізіледі. Бұл сараптаманың ғылыми негізі болып қолжазбаның пайда болған заңдылықтары, оның ішінде кім жазғандығы және қандай жағдайларда жазылғандығы туралы мәлімет беретін сараптаманың бағыты.

Аталған сараптаманың пәні болып келесі мән-жайлар жатады:

- қолжазбаны орындаушы тұлға;
- ол тұлғаның жынысы мен жасы;
- қолжазба орындалған жағдайлар;

Қолжазба сараптамасының объектісі болып қолжазба, оның ішінде сандық қолжазба, қол қою жазбасы табылады.

Сараптамаға қолжазбаға қатысты материалдар мен салыстыру үшін ұсынылатын үлгілер жатады.

Қолжазба сараптамасының методикасына әр түрлі арнайы криминалистік, математикалық, физикалық әдістер кіреді.

**2-сұрақ.** Бұл сараптаманың алдына қойылатын сұрақтар:

1. Аталған қолжазба оны орындаған адамның тұлғасын анықтауға жарамды ма
2. белгілі тұлғалардың қайсысымен қолжазба орындалған
3. әр түрлі құжаттарда аталған қолжазба немесе қолы бір адаммен жазылған ба
4. қолжазба қандай психофизиологиялық күйден жазылған (ауыру, аффект) алкогольдік немесе нашақорлық ластану жағдайында және т.б.
5. қолжазбаға сыртқы факторлер әсет етті ма (необычная поза, в движушем транспорте)
6. қолжазба белгілі бір тұлғаның қолжазбасына ұқсас етіп жазылған ба
7. қолжазба сол қолмен жазылған жоқ па
8. қолжазбаны жазған тұлғаның жынысы (әйел, ер адам)
9. қолжазба арнайы өзгертіліп жазылған жоқ па
10. қолжазбаны жазған адамның жасы
11. жазу кезінде қандай құралдар қолданды
12. қолжазбаны орындау уақыты (давность)

**3-сұрақ.** Сараптамаға дайындық әрекеттері:

1. Қаулы шығару және онда қажетті мәліметтерді көрсету
2. Қолжазбаны ұсынған кезде оның түп-нұсқасы ұсынылуы қажет
3. Сараптаманың объектілері жабыстырылмау, тігілмеу, былғанбау қажет және арнайы конвертке салынуы қажет
4. Салыстыру үшін үлгілер дайындалу қажет. Оларға жай және экспериментальды үлгілер жатады.

Еркін үлгілер дегеніміз қылмыстық іс қозғалғанға дейін және іске қатысты емес қолжазбаларды алу (анкета, өмірбаяны, күнделіктері). Олар зерттеліп отырған жазбамен салыстырылады.

Экспериментальды сараптама тағайындаған тұлғаның бастамасымен алынады. Олар диктовка негізінде алыналы.мәтін үш реттен кем болмау керек. Жай үлгілердің көлемі 5-6 ибеттен кем, ал экспериментальды 12 беттен кем болмау керек. Сандық қолжазба болса, 10-15 бет, ал ұқсас қолжазбалар зерттелгенде 20 беттен кем болмау керек.

Еркін үлгілер зерттелетін қолтаңбамен тілі, орындалу уақыты, шарттары, жағдайы, мазмұны, тиісті, орындаушының жай-күйі жағынан бірдей, салыстыруға кететіндей болуы қажет.

Салыстырмалы үлгілер-тағайындаушы тұлғаның диктовкасы немесе еркін тақырыпқа жазу арқылы алынады. Жазу үйреншікті жағдайда, темйте жазылуы қажет. Егер жазушы ( орындаушы) қолжазбасын өзгертуге ұмтылса, тергеуші ұзақ уақытқа тоқтатып, қайтадан салыстырмалы үлгілерді алуға кірісуі қажет. Уақыттың өтуіне қарай, орындаушы өзгерту белгілерін ұмытып қанды кезеген еткен.

Еркін шартын үлгілер- кылмыстық іс қозғалғаннан кейін бірақ арнайы сарапшы ерекше алынған үлгілер.

#### **4-сұрақ.** Автортану сараптамасы

1. кез-келген мәтіндер (қолтаңба, машинкадан болған, типографиялық, компьютерлік).

2. магнитофонды жазбалар.

3. үлгілер.

Зерттеу мақсаты –жазба тілде көрініс табатын авторлық белгілер арқылы мәтіннің авторын анықтау. Ол білім-мәдениет деңгейі, кәсібі, жыныстық қатынастылығын, белгілі бір географиялық территорияға қатыстылығы,

Шешілетін мәселелер:

1. Белгілі бір тұлға осы мәтіннің авторы ма?

2. зерттелетін мәтін бойынша авторлардың салынаттауға бола ма?

3. қандай белгілер бойынша авторлық анықталып отыр.

#### **Қолданылған оқулықтар:**

1. Инструкция о порядке производства судебных экспертиз в Казахском научно-исследовательском институте судебных экспертиз. Алма-Ата, 1981г.

2. Основные правила подготовки материалов для производства судебной почерковедческой экспертизы. Методические рекомендации для следователей и судей. – М., 1980г.

3. Судебно-почерковедческая экспертиза. Пособие для экспертов-почерковедов и судебно-следственных работников. – М., 1971г.

### **Лекция-8 Құжаттарды техника-криминалистік зерттеу сараптамасы**

#### **Жоспар:**

1. Құжаттарды техника-криминалистік зерттеу сараптамасының ғылыми негіздері, пәні, объектілері және дайындық жұмыстары.

2. Сараптамамен шешілетін мәселелер.

#### **1-сұрақ.** Бұл сараптаманың пәні болып:

- құжатты дайындаудың әдісі;

- құжат мазмұнының өзгеруінің әдісі;

- аса көрінбейтін және мүлдем көрінбейтін жазулардың мазмұны;

- құжатты дайындаудың мерзімі;

Құжаттарды техника-криминалистік зерттеу объектісі:

- құжаттар (олардың реквизиттері мен материалдары).

- құжатты дайындауға немесе өзгертуге қажет заттар.

- құралдар;

- құжатты дайындауға немесе өзгертуге қажет заттар.

Құжаттың реквизиттеріне:

- мөрлердің көшірмесі ( типографиялық, штамптар);
- қолжазбалық мәтін;
- құжаттағы суреттер;
- компостерлік белгілер т.с.с.

Техникалық құралдарға:

- мөрлер, штамптар;
- жазатын құралдар, полиграфиялық техника;
- жазудың құралдары (қалам, бояулар);
- механикалық жолмен мәтінді жоятын штрихтер.

Заттарға:

Қағаздар, картондар, бояу заттары, химиялық заттар.

Құжаттарды техника-криминалистік зерттеу сараптамасына дайындық.

Құжаттарды қарау кезінде пинцет қажет, мұнда былғау, белгілер жасауға тиым салынады. Әр құжат жеке конвертте сақталуы қажет. Оларды көлікпен жеткізу кезінде жылу, жарықтықтан, ылғалдан сақталу керек, салыстыру үшін үлгілер алыну керек. Идентификациялық міндеттерді шешу кезінде: 1. құжатты дайындаған құралдар қажет, яғни принтер, мөр. 2. жай үлгілер (қолжазба, машинамен жасалған мәтін, мөрдің көшірмесі). 3. Эксперименталды үлгілердің алыну саны зерттелетін құжаттар сарапшы алдына қойылатын сұрақтарға қатысты болады.

Сараптамаға қойылатын сұрақтарға:

- Қандай жазу құралымен құжат жасалған;
- Құжатты алдын ала қаламмен дайындаған жоқ па
- Құжат көшіру (копирование) арқылы жасалған жоқ па
- Аталған мәшінкемен құжаттың мәтіні жасалды ма;
- Біркелкі жағдайда құжат дайындалды ма;
- Құжаттың алғашқы мазмұны өзгеріске ұшыраған жоқ па;
- Бір уақытта бірнеше құжат жасалды ма;
- Құжаттың әр түрлі үзінділері бір уақытта жасалды ма;
- Қандай жылы құжат жасалған;
- Мөр қандай әдіспен жасалған т.с.с.

**Қолданылған оқулықтар:**

1. Богодухова Е.Д., Мозговых Г.А. Подготовка материалов и назначение судебно-технической экспертизы документов. Методическое пособие. – Алматы: КазНИИСЭ, 1994.

2. Аубакиров А.Ф., Бычкова С.Ф., Богодухова Е.Д., Калимова А.С. Криминалистическая экспертиза документов. Учебно-методическое пособие. Общая часть. Алматы, 1993г.

3. Бычкова С.Ф. Организация назначения и производства судебной экспертизы. Алматы, “Жеті Жарғы”, 1999г.

4. Бычкова С.Ф., Калимова А.С. Сот сараптамасы, Алматы, “Жеті Жарғы”, 2006ж.

**Лекция-9,10. Трасологиялық сараптама. (2 сағат)**

## **Жоспар:**

**1.** Трасологияның ғылыми негізі. Сот трасологиялық сараптаманың пәні, объектілері, түрлері.

**2.** Қол іздерінің сараптамасы. Аяқ (аяқ киім) іздерінің сараптамасы. Адамның тісінің және басқа да іздерінің сараптамасы.

**3.** Көліктік-трасологиялық сараптама. Бүтінді бөлшек бойынша трасологиялық сәйкестендіру. Қару және құрал-жабдық іздерінің сараптамасы.

**1-сұрақ.** Сот трасологиялық сараптама алуан түрлі қылмыстық істер бойынша тағайындалады, оның ішінде жеке тұлғаға қатысты, меншікке қарсы, қоғамдық қауіпсіздікке қарсы т.с.с.

Аталған сараптаманың ғылыми негізі болып іздердің пайда болу заңдылықтарын зерттейтін сараптамалық білімнің саласы құрайды.

Сот трасологиялық сараптаманың пәнін келесі мән-жайлар құрайды, олар:

- әр түрлі объектілердің қалдырған іздері арқылы олардың топтық немесе жекелік қатыстылығы;

- қалдырылған іздердің пайда болу жағдайлары;

- бөлшектердің бір бүтінді құрау жағдайы.

Сот трасологиялық сараптама объектілері:

- іздер;

- олардың моделдері;

- заттай дәлелдемелері;

- оқиға болған жердің материалды жағдайы;

- зерттеу үшін үлгілер.

Іздердің пайда болу процесіне екі түрлі объекті қатысады, олар із қалдырушы және із қабылдаушы, кейбір жағдайларда үшеу – іздің заты.

Трасологиялық сараптаманың объектісі болып кез келген іздер емес, ал сол қалдырылған із және іздің пайда болу механизмы болып табылады.

Іздерде, қылмысты тергеуге қатысты объектілердің бір бірімен байланысу фактілері, нысандары (химиялық, физикалық), олардың бағыты мен әсер ету күші, пайда болу шарттары орын алады.

Бұл сараптамада іздердің әр түрлі топтары орын алады, олар ең алдымен пайда болу механизміне қатысты:

- гомеоскопиялық;

- механогамикалық;

- механоскопиялық;

- жануарлардың іздері болып бөлінеді.

**2-сұрақ.** Дактилоскопиялық сараптамаға қойылатын сұрақтар:

- аталған заттағы қалдырылған із қолдың ізі ма;

- қолдың ізі тұлғаны теңестіруге жарамды ма;

- саусақтың іздерінің орналасу механизмы, қандай қолмен, саусақпен қалдырылған;

- саусақ іздерінің орналасу ерекшеліктері қандай;

- қалдырылған ізге қатысты тұлғаның қолының ерекшеліктері бар ма;

- қолында із қалдыру кезінде сақина, сағат, зергерлік бұйымдар болған ба;

- қолдың ізін қалдыру уақыты;

- қалдырған қол ізі тұлғасының жасы, жынысы;

- затта қалдырылған іздер неше адаммен қалдырылған;

- затта қалдырылған іздер белгілі бір тұлғамен қалдырылған жоқ па;

Аяқ, аяқ киіммен қалдырылған іздерді зерттеуге қатысты сараптамаға қойылатын сұрақтар:

- аяқтың ізі жалаң аяқ, аяқ киім ізі ма;

- қандай аяқпен қалдырылған;

- қалдырылған жалаң аяқ іздің, аяқ киім ізінің размері, ерекшелігі;

- із қалдырған тұлғаның психофизиологиялық күйі, физикалық жағдайы (жынысы, бойы, жүріс-тұрыс ерекшелігі);

- із қалдырған тұлғаның бағыты, қозғалыс күйіндегі ерекшеліктері;

- оқиға болған жерде із жалаң аяқ, аяқ киіммен қалдырылған ба;

Адамның тісімен қалдырылған іздерді зерттеу кезінде қойылатын сұрақтар:

- ұсынылған заттарда тістің іздері бар ма;

- із адамның тісімен қалдырылды ма;

- берілген іздер теңестіруге жарамды ма;

- астыңғы немесе үстіңгі тістермен із қалдырылды ма;

- тіс іздерінің пайда болу механизмі қандай;

- тіс аппаратының ерекшелігі қандай;

- із нақты осы тұлғамен қалдырылған жоқ;

- бір адаммен немесе әртүрлі адам тісімен қалдырылған ба.

**3-сұрақ.** Көлік құралдарының іздеріне қатысты тағайындалатын сараптама:

- оқиға болған жерден табылған іздер көлік құралдарының жүру бөлігімен қалдырылған ба;

- із бойынша көліктің түрі мен типі, маркасы, моделі;

- із бойынша қозғалыс бағыты;

- табылған із нақты осы көлікпен қалдырылған ба.

Бүтінді бөлшек арқылы анықтау:

- объектілер бір бүтінді затты құрай ма;

- әртүрлі жерден табылған бөлшекте бір бүтінді құраған ба.

Бұзу құралдарымен қалдырылған іздерді анықтау мақсатымен, оның қандай бұзу құралының түрімен, іздің пайда болу механизмін, заңдылығын және де нақты осы бұзу құралымен қалдырылған ба екенін сараптама арқылы анықтай аламыз.

**Қолданылған оқулықтар:**

1. Мозговых Г.А. Судебно-трасологическая экспертиза. Методическая разработка по спецкурсу «Организация и производство судебных экспертиз». – Алма-Ата: КазГУ, 1988.

2. Исаев А.А. Трасологическая экспертиза механических повреждений одежды. Методическая разработка. – Алма-Ата: КазГУ, 1991.

3. Майлис Н.П. Развитие трасологической экспертизы на основе применения новых методов исследования. Экспертная практика и новые методы исследования. – М., 1989г.

4. Василевский Л.И. Экспертиза следов орудий и инструментов. Судебно-трасологическая экспертиза. Учебно-методическое пособие ВНИСЭ. М., 1973г.

### **Лекция-11. Баллистикалық сараптама. (1 сағат)**

#### **Жоспар:**

5. Сот баллистикасының ғылыми негізі, пәні, объектілері және түрлері.

6. Сараптамамен шешілетін мәселелер:

**1-сұрақ.** СБС-ң ғылыми негізі – ату процесі элементтерінің компоненттері мен бөгеттердегі, оқ-дәрі элементтерінде қалған іздердің пайда болу заңдылықтарын зерттейтін сараптамалық білім саласын құрайды.

СБС-ң пәніне қылмыстық іс бойынша анықталуға жататын жағдайлар жатады:

1. заттарды ату қаруына, оқ-дәрі қатарына жатқызу фактісі;
2. нақты қару-жарақты атуға жарамды (жарамды емес) фактісін;
3. қару-жарақтың жасалу тәсілі немесе өзгеріс енгізу фактісін;
4. қару-жарақтың түрі, моделі, маркасы, калибрі;
5. қару-жарақты теңестіру;
6. оқ-дәрілерді теңестіру;
7. қару-жарақ бөлшектерін нақты қаруға тиесілі екенін анықтау;
8. қару-жарақ пен оқ-дәрілерді қолдана отырып жасалған қылмыстың механизмін анықтау.

СБС-ң объектілеріне жатады:

1. қару жарақ және оның жекеленген бөлшектері;
2. оқ-дәрілер: оқ, картель, бытыра, пыж, төсемдар, капсюл, порох, атылған гильза;
3. газдық қару;
4. қару жарақ пен оқ-дәрі әсер еткен заттар – атылған оқ-дәрілер (оқ, бытыра, картель), гильза, пыж, төсемдар, сонымен қатар, оқиға болған жерден алынған заттар, жәбірленушінің киім-кешегі, ату іздері, каналдар, ойық жерлер, жарақаттар, күйген жерлер және атқан адам үстінде қалған іздер (қолында, киімінде), ату қаруының іздері бар адам мәйіті және т.б.;
5. қару жарақты жасау үшін қолданған құрал-саймандар және патрон компоненттері;
6. оқиға болған жердің матреиладық жағдайы (атқан адам тұрған жер, оқтың ұшу бағыты);

7. Сбс-ға қатысы бар қылсытық істің материалдары (оқиға болған жердің хаттамасы, сызба, баспа таспалар, сот-медициналық сараптаманың қорытындысы, жәбірленушіні куәландыру хаттамасы);

8. Салыстырмалы үлгілер.

Қару жарақ түрлеріне:

1. әскери қару жарақ (винтовка, карабиндер, автоматтар, пистолеттер, пулеметтер, револьверлер, әскери пистолеттер);

2. азаматтық қару жарақ (револьверлер, пистолеттер, спорттық қару жарақ, винтовкалар);

3. аңшылық қару жарақтар, тегіс, ойық оқпанды (штуцельдер, карабиндер, винтовкалар және аралас);

4. қылмыстық (криминалды) қару жарақ (қолдан жасалған обреза, техникалық құрылғылар, мысалы, қару жарақ ретінде өзгертілген құрылыс монтажды пистолеттер, ракетницалар).

**2-сұрақ.** СБС-на қойылатын сұрақтар (оқ-дәріге қатысты):

- оқиға болған жердер табылған гильза, оқ қандай қару жарақ жүйесімен атылған (модель, образеці);

- гильза қолдан жасалған қару жарақтан атылған жоқ па;

- оқ обрезадан атылған жоқ па;

- оқ бойынша оқпанның сипаттамасы (қолдану уақыты, ескіруі);

- әртүрлі оқиға болған жердер табылған оқ, гильза бір қару жарақтан атылған жоқ па;

- оқиға болған жерден табылған гильза, оқ нақты қару жарақтан атылған жоқ па (түрі, жүйесі, нөмері, кімнен, қай жердер алынғандығы туралы);

- қартечь нақты осы қарудан атылған жоқ па (нөмері, образеці, кімнен, қашан алынған);

Қару жараққа қатысты:

- сараптамаға жіберілген қару жарақ жарамды ма;

- қару жарақтан жүйелі түрде атуға бола ма;

- нақты осы қару жарақтан атуға бола ма;

- қару жарақ жарамсыз болса, оның себебі, қай жері, жоюға бола ма;

- қару жарақтың жасалу тәсілі қандай (зауыттық, кустарлық, қолдан);

- қару жарақ зауыттық болса, оның: жүйесі, моделі, образеці, зауыты (өндіруші елі);

- қару жарақ қолдан жасалса, зауыттың қандай бөлшектері қолданылған;

- қолдан жасалған қару жарақ қандай материалдардан, қандай құрал-сайман, құрылғының көмегімен жасалған;

- қару жарақ оған сай емес патрон үшін өзгертілген ба, өзгертілсе қандай;

- аталған зат қару жарақ қатарына жата ма;

- нақты қару жарақтан нақты калибрлі снарядпен ату мүмкін ба;

- соңғы ату кезінде қандай снаряд қолданылған;

- қару жарақтан соңғы рет атылғаннан кейін қанша уақыт өтті;

- қару жарақ өзгеріске ұшыраған жоқ па, ұшыраса қандай;



- қару жараққа өзгеріс енгізу іздері жоқ па (нөмері жойылған ба, деталь, материалдарын өзгерту және т.б.);

- нақты осы қару жарақты жасаған тұлғаның кәсіби дағдысы қандай;

- зерттеуге жіберіліп отырған қарудан қысымына баспай өзінен-өзі атылу мүмкін ба ( нақты көрсетілген жағдайларда және т.б.);

- қару жарақ жару (пробивное действие) күші қандай;

- нақты қару жарақ атылатын оқ-дәрінің максималды ұшу ұзақтығы;

- қару жарақтың зақым келтіру күші қандай (убойное действие);

- нақты қару жарақтың ату жылдамдығы қандай;

- нақты қару жарақтан оқпанды тазалау жүргізбес бұрын немесе кейін жүргізілді ма;

- атылған оқтың сипаты қандай;

Ату қару жарақ оқ-дәрілеріне қатысты қойылатын сұрақтар:

- салыстырылатын патрондар бір зауыттан шығарылған ба, бір жылға, бір партияға жата ма;

- салыстырылатын картель, бытыра бір зауыттан өндірілген бе, олар бір партияға жата ма;

- салыстырылатын оқ-дәрілердің шығу қайнар көздері бір ма;

- оқиға болған жерден алынған картель, бытыра бір бүтін оқты құрамай ма (жәбірленушінің денесінен, сезіктіден алынған);

- төсемдердің шығу тегі бір материалдардан жасалған ба;

- пыждар бір материалдардан әлде шығу тегі әртүрлі ма;

- алынған оқ-дәрілер атуға жарамды ма;

- алынған патрон қандай жүйеге, образцеке лайық, огны атуға пайдалануға бола ма;

- алынған гильза немесе оқ патронның қандай түріне лайық;

- оқтың бөгетті бұзу кезіндегі ерекшеліктері қандай;

- оқ атылған қару жарақтың калибрі мен образці қандай;

- атылған бытыра (картель) нөмері қандай;

- пыж (төсем) қандай калибрлі қару жараққа тиесілі;

- оқиға болған жерден алынған оқ, бытыра, картель қандай әдіспен (зауыттық, қолмен) жасалған;

- оқиға болған жерден алынған қолдан жасалған оқ, бытыра, картель қандай әдіс-тәсілмен жасалған;

- оқ зақым келтіретін объектіге жеткенше рикошеттелген жоқ па, бөгет арқылы өткен жоқ па, оқтың диффармациялану себептері, гильзаның диффармациялану себептері неден;

- бір қару жарақтан атылған оқтардың қайсысы бұрынырақ атылған.

Ату іздерін анықтауға байланысты қойылатын сұрақтар.

-кіру және шығу саңылаулары қайсысы;

-ату арақашықтығы қандай;

-ату қай жақтан, қандай бұрышпен атылған;

-қандай жерден атылған;

-ату қандай жер мен зақым тиген объектінің ату кезінде өзара орналасуы;

-қалтасында қару жаракты ұстаған жәбірленушінің өзін-өзі атуы мүмкін ба.

**Қолданылған оқулықтар:**

1. Мозговых Г.А. Подготовка материалов и назначение судебно-баллистической экспертизы: Методическое пособие. – Алма-Ата, 1975.
2. «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы Қазақстан Республикасының заңы 1998 жылғы 30 желтоқсан.
3. Аубакиров А.Ф., Мозговых Г.А., Шакиров К.Н. Криминалистическое исследование холодного оружия / Методическая разработка. – Алма-Ата, КазГУ, 1991.
4. Лазари А.С, Потапова Л.Ф., Полуэктова Г.М., Ростов М.А., Ставенко Е.И. Комплексное судебно-баллистическое исследование боеприпасов и охотничьим гладкоствольным оружием // Методические рекомендации для экспертов. М., 1979г.

**Лекция-12. Заттар мен бұйымдардың криминалистік сараптамасы**  
**Жоспар:**

1. Заттар мен бұйымдарды криминалистік сараптаманың ғылыми негізі, пәні және түрлері.
2. Сараптамамен шешілетін мәселелер.

**1-сұрақ.** Заттар мен материалдар қылмысты жасау, оның ізін жасыру тәсілі, қылмыскерлер, сондай-ақ қылмыстық оқиға жағдайы туралы ақпарат көзі ретінде өте ертеден қолданылып келеді. Заттар мен материалдар бізді барлық ортада қоршап тұрады. Қылмыс жасаған кезде субъект заттай іздер болуы мүмкін объектілердің құрылысын, құрамын немесе құрылымын байқаусызда немесе әдейі өзгертеді. Бұл салада нақты және техникалық ғылымдардың жетістіктерінің қолданылуы макро және микро көлемде алынған заттар мен материалдарды зерттеуге және іздеу мен дәлелдеуге бағалы ақпарат береді. Заттар мен материалдарды криминалистік зерттеу үрдісінде шешілетін диагностикалық мәселелер келесілерге бөлінеді. Ол зерттелмеген материалдардың құрамын, табиғатын қолдану аясын анықтаумен байланысты. Мысалы, мөлдір тасты сары темірден жасалған сақинаның 583 алтыннан, ал тасы салмағы 0,4 карат бриллианттан жасалғандығы іздестіру кезінде алынған ақ ұнтақтың кокаин екендігі, құмырадағы сұйықтық – этил спирті екендігі, оның өзінен жану температурасы 80% градус екендігі.

Қиың (құрамдас) мәселелер. Олар заттар немесе материалдардың бастапқы жағдайынан өзгергендігін және өзгеру себептерін, оның құрамы мен құрылысын, химиялық немесе физикалық әсерлерді, өндіру технологиясын, сол материалдардан жасалған бұйымның «биографиясын» болжайды. Мұндай мәселелер іздестіруден себепке дейінгі жолды табуға мүмкіндік береді, яғни ықпал ету өнімдері арқылы бастапқыда болған заттар мен материалдарды анықтайды. Оларды кері деп атайды.

Идентификациялық мәселелер (металл сынығы, сол пышақтың сыңған бөлігі). Олар диагностика үрдісінде анықталған белгілер жиынтығын салыстыра зерттеу жолымен шешіледі. Объектінің жеке нақты анықталуы сирек белгіленетінің айта кеткен жөн (әдетте сыртқы құрылысы тұрақты объектілерді бөлшегі арқылы бүтіннің ұқсату мақсатындағы жиынтық зерттеулер кезінде).

Өкінішке орай заттар мен материалдарды жекелей ұқсату қиын (әсіресе сыртқы құрылысы тұрақсыз, сұйық және ұнтақ заттарда). Оларды кешенді зерттеу барысында анықтауы мүмкін. Бірақ бұл сирек кездеседі, әдетте объекті белгілі бір топқа жатқызу шешімі болады. Яғни оның шекарасын тарылтады. Мысалы, берілген қағаз кондонож целюлоза-қағаз зауытында жасалған және белгілі бір партияға жатады, жол-көлік апатының орнында табылған лак-бояу бөлігі ВАЗ автомобилінің лак-бояу жабынымен бір топқа жатады. Заттар мен материалдардың диагностикалық және идентификациялық зерттеулері объектілердің өзара байланысу фактісін белгілеу мақсатында жүргізіледі. Заттар мен материалдарды криминалистік зерттеу шеңберінде оларды іздеу тәжірибесінде неғұрлым кеңінен таралған түрлері зерттеледі:

1. наша және дәрі-дәрмек;
2. лакталған беттер мен материалдар;
3. металдар мен құймалар;
4. тоқымалы материалдар;
5. мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдар;
6. әйнек, фарфор, фоянс, керамика;
7. полимерлік заттар мен материалдар;
8. парфюмерлік және косметикалық құралдар.

Заттар мен материалдардың елеулі сандарын табу көп қиындық туындырмайды. Ал оларды бекіту мен алу кезінде бірталай қиындықтар туындайды. Заттар мен материалдар болып, олармен жұмыс кезінде арнайы қорғаныс шарттарын сақтауды талап етуі мүмкін; ұшатындай зат болса, оны герметикалық тараға салу керек; қаптауц материалдарына әсер ету керек, мысалы, кейбір қышқылдар терезені күйдіруі мүмкін; кей жағдайда заттар түрін өзгертуі мүмкін. Осылайша, өрт орнынан олардан жеңіл жанатын және жанармайлық сұйық табу мақсаты мен жанған паркет көріністерін герметикалық қапталған полиэтиленді пакеттерге салады, ал өртті сөндіру кезінде суланған металл объектілерінің бөліктерін кептіреді және коррозия болмас үшін картон жәшіктерге салады. Осы жағдайлардың бәрін маман көмегінсіз есепке алу қиын.

Заттар мен материалдардың микросадарымен (микрообъектілер) жұмыс істеу кезінде қиындықтар қатты өседі.

Болған орынды қарау кезінде микрообъектілерді табу қажет міндеттердің бірі болып табылады, өйткені келесі операцияларда олар жоғалып кетуі немесе орындарын ауыстыру мүмкін.

Микрообъектілерді табу келесі ережелерді есепке алу арқылы жүзеге асырылады.

1. барлық нәрселер алдымен қандай-да бір орын ауыстырусыз каралады немесе ауыстырудың алдында олардың астына глянцалық таза парақ немесе тығыз қағаз қойылады.

2. объектілерді таза құралдармен ұстайды, резиналық қолғаппен каралады. Нәрсенің әртүрлі бөліктерін бір-біріне тигізуге, олардың ішкі және сыртқы жақтарын тигізуге тиым салынады.

Қарау кезінде бөлініп кеткен бөлшектерді ары қарай зерттеу үшін сақтайды.

Жиналған бөлшектерді алдын-ала немесе сараптамалық зерттеуді. Бұл зерттеу шеңберінде келесілер жүзеге асады.

Морфологиясын зерттеу (қатты заттар мен материалдардың сыртқы құрылыс белгілерін).

Заттар мен материалдардың құрамын белгілеу (элементтік, молекулалық, фазалық).

Заттар мен материалдардың кристалдық құрылымын зерттеу олардың құрамы және оның белгілі бір жағдайларда көрінуін анықтау (мысалы, заттардың өзінен жану қабілеті, сол температурада, сол еріткіште еруі, электр өткізгіштігі және т.б.).

**2-сұрақ.** Алынған нәтижелдер негізінде диагностикалық, идентификациялық сұрақтар шешіледі.

Заттар мен материалдардың криминалистикалық сараптамасы келесідей сұрақтарды шешеді: өрт болған жерден табылған сұйықтық пен сезіктіден алынған сұйықтықтың құрамды бір ме; өрт болған жерден табылған объект не зат; берілген ыдыста қандай сұйықтық болды; зерттеуге ұсынылған зат өзінен-өзі жана ма, егер жанса қандай жағдайларда өздігінен жанған және зерттелетін заттың температурасы қандай; ұсынылған зат жанғыш сұйықтықтарына жата ма; берілген газ бен қоспаның, яғни зерттелетін жанғыш сұйықтықтың тұтану температурасы қандай; берілген қоспаның жарылуы қауіпті ме; өрттен қалған жалын мен түтіннің түсі бойынша қандай зат жанғанын анықтауға бола ма және ол өздігінен жануы мүмкін бе және т.б.

Сараптамалық талдау тәжірибесі сараптау сұрақтары нақты қойылмайтындығын көрсетті.

« Бұл зат нені көрсетеді?» (фрагменттер) «дақ қандай заттан қалған?» мұндай сұрақтар зерттеу міндетін нақтылауға көмектеседі. Өйткені материалдар шеңбері өте кең. Сондай-ақ олар міндеттің орындалуын елеулі қиындатады және баяулатады. Сол уақытта заттар шеңбері әдетте берілген қылмыстық іс жағдайларымен шектеледі. Осыдан сараптаманы белгілеу туралы қаулыда тексерілетін заттар мен материалдар шеңберін көрсету керек.

Келесі қате – берілген заттар мен материаладр химиялық құрамы бойынша бірдей ме? – деген сұрақтардың қалыптасуы. Заттардың берілген үлгілері бірдей құрамдас әлде бір тұқымдас туралы сараптама қорытындысы бағалауға және қолдануға қиын болып табылады. Өйткені сараптаманы тапсырған тұлға бұл облыстың маманы болып табылмайды және салыстырылатын объектілерді бір түрге, топқа бірдей пайда болу көзіне

жатқызу үшін осы мәліметтердің жеткіліктілігін айта алмайды. Сарапшыға объектілердің ортақ тұқымдас топқа жатуы туралы сұрақты қойған дұрыс. Заттар мен материалдарды диагностикалық және идентификациялық зерттеу объектілердің өзара қарым-қатынасын бекіту мақсатымен де жүргізіледі, ал бірқатар заттар мен материалдарды кешенді сараптау кезінде анықталады.

#### **Қолданылған оқулықтар:**

1. Аубакиров А., Ким Э. Криминалистическая экспертиза материалов и веществ: Учеб.пособие. Алматы: ВШП «ӘІЕА», 2001.
2. Тапалова Р.Б., Найманова Г.Х. Заттар мен материалдардың криминалистік сараптамасы. Алматы, Дәнекер, 2002ж.
3. Вандер М.Б. Криминалистическая экспертиза материалов, веществ и изделий, С-П, Питер, 2001 г.
4. Митричев В.С. Криминалистическая экспертиза материалов, веществ и изделий. – Саратов, 1980.

#### **Лекция-13. Автотехникалық сараптама.**

##### **Жоспар:**

1. Автотехникалық сараптаманың түсінігі, пәні, түрлері.
2. Сараптамға қойылатын сұрақтар.

**1-сұрақ.** Көлік құралдарының шамадан тыс көбейіп кетуіне, жүргізушілердің жүргізушілік қабілеттерінің төмендігіне, яғни жүргізу тәжірибелерінің аздығына (немесе тіпті жоқтығына), жолдың дұрыс жөнделмеуіне, жүргізушілер мен жаяу адамдардың жол ережелерін сақтамауларына (ішімдік пен есірткі заттарын пайдалануларына) байланысты өкінішке орай күннен-күнге жол-көлік оқиғаларының саны артуда.

Жол-көлік оқиғалары дегеніміз, көлік құралдары мен жүктерді бұзып қиратуға, материалдық залалдар келтіруге, сондай-ақ адам өлімі мен дене жарақаттарын салуға әкеп соқтыратындай жағдайларда көлік құралдарын жүргізуші адамдардың жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуы болып табылады. Сонымен, бұл қылмыстың қылмыстық-құқықтық құрылымы келесідей элементтерден тұрады: а) жол қозғалысы ережелерін бұзудан; ә) заңда көзделген зардаптардың болуынан; б) жүргізушінің әрекеті (әрекетсіздігі) мен болған оқиғаның нәтижесінің арасында себепті байланыстың болуынан. Мақсатты түрде алдымен жол учаскелері қаралып, содан кейін оқиға болған жер тексерілуі қажет. Себебі жол бойындағы немесе т.б. жерлердегі іске қажетті іздер мен басқа да заттай дәлелдемелер жаяу жүрген адамдармен, болмаса көлік құралдарымен жойылып кетуі ықтимал. Содан кейін шыны үгінділерінің, шашыраған балшықтар, жүктен қалған бөлшектер, жол бетіндегі іздердің орналасуы және т.б. бойынша апат болған жердің орталығы анықталады.

Жоғарыда аталған барлық объектілер олардың орналасқан жері мен көлемдері көрсетіле отырып бекітілуі тиіс. Оларды белгілі бір

қозғалмайтын объектілерге (мысалы, жолдың жағасына, жиегіне, электр бағаналарына және т.б. объектілерге) қатысты бекітеміз.

Әсіресе тежеу іздерін анықтау мен оларды өлшеудің маңызы ерекше. Тежеуішті жедел басқан кезде жолда май жағылған сияқты протектордың таңбасы қалады. Ол бойынша көлік құралының жүру жылдамдығы мен қозғалыс бағытын анықтауға болады.

Көлік құралы тайған немесе ол аударылып-төңкеріліп қалған жағдайларда оның бұрылу радиусын, жол учаскесінің айналмасының радиусын анықтау керек. Бұл үшін арнайы мамандар қатыстырылады.

Жолдың, болмаса көшенің түйіскен жерінде соқтығысу болған жағдайларда, түйіскен жердің өзі қарауға жатады, оған келу мен одан кету, бағдаршамдар, жол белгілері (егер болса), жолды кесіп өтетін белгілер және т.б. қаралып тексеріледі.

**2-сұрақ.** Автотехникалық сараптама шешіміне төмендегідей сұрақтар қойылады:

- оқиғаның болуының тікелей себебі неде;
- оқиғаның болу себебі көлік құралының белгілі бір бөлшегінің жарамсыздығынан болған жоқ па;
- оқиға үшін оның мәні қандай болды;
- жылдамдықты жоғарлатудың мәнісі қандай болды;
- көлік құралының техникалық жағдайы қандай;
- тежеу алдындағы жылдамдық қандай болды;
- нақты жағдайда қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін техникалық жағынан жәбірленуші қандай әрекеттер жасауы қажет еді;
- нақты жағдайда оқиғаның алдын алуға болатындай мүмкіндіктер болды ма, егер болса ол мүмкіндіктер қандай;
- нақты жол жағдайына байланысты жүргізуші (жолдан өтуші жаяу тұлға) қандай қозғалыс қауіпсіздік ережелерін басшылыққа алуы қажет еді.

Автотехникалық сараптаманың ерекшілігі заттай дәлелдемелердің тергеу әрекеті барысында оқиғаның мән-жайлары бойынша жиналған бастапқы (тежеуіш іздерін өлшеу қорытындылары, фотосурет және бейнежазба, апат болған жердің, сондай-ақ көлік құралдарының орналасқан жерінің кестелік жоспарлары) материалдарымен тығыз байланыстылығында. Бұл мәліметтерге зерттеу жұмыстарын сарапшы жүргізген кезде, оны сыни көзқараспен қарастыра отырып тек тергеушінің өзі ғана бағалауы тиіс. Сарапшының құзіреттілігіне тек ешқандай күмәнсіз фактілік мәліметтерді беру ғана жатады. Автотехникалық сараптаманы тағайындауға байланысты нақты бір ситуацияларда сұрақтарды қалыптастыру үшін тергеуші міндетті түрде мамандармен кеңесуі қажет.

Криминалистикалық сараптамалар көлік құралдарындағы, жәбірленушілердің киімдеріндегі, сондай-ақ басқа да іздердің пайда болу механизмін анықтау мақсатында тағайындалады. Сараптама тағайындамас

бұрын келесілер анықталады: іздердің пайда болу кезектілігі; олардың пайда болу кезіндегі салмақтың қай жаққа (бағытқа) қарай түсуінің бағыты; соқтығысу кезіндегі объектілердің өзара орналасуы; көлік құралының қозғалыс бағыты; детальдардың бұзылу және ескіру себептері; көлік құралдарының протектор қалыптары; оқиға болған жерде қалған лак-бояу заттарының бөлшектері мен детальдары және т.б..

Белгілі бір жағдайларда кешенді, яғни криминалистік сараптамалар, көліктік-трасологиялық сараптамалар тағайындалуы мүмкін. Мысалы, соқтығысу кезіндегі көлік құралдарының өзара орналасуы мен оқиға болған жердегі іздерді анықтау үшін; нақты бір көлік құралының іздері және фар сынықтары мен дөңгелек іздері бойынша басып кеткен көлік құралының типін (түрін, маркасын) анықтау мақсатында.

Жол-көлік оқиғасына байланысты автотехникалық және криминалистикалық сараптамаларды Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Сот-сараптама орталығында немесе сәйкес мамандандырылған органдар жүргізеді.

#### **Қолданылған оқулықтар:**

1. Илларионов В.А. Экспертиза дорожно-транспортных происшествий. М.: Транспорт, 1988.

2. Криминалистика. Учебник / Отв. ред. Н.П. Яблоков – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Юристъ, 2000./ Гл. 4, 10-16, 19 и соответствующие разделы в учебниках «Криминалистика» других изданий.

3. Бегалиев Е.Н. Практикум по судебной экспертизе, Алматы, Данекер, 2002 г.

4. Словарь основных терминов судебной автотехнической экспертизы. Москва, ВНИИСЭ, 1988 г.

5. Мозговых Г.А. Использование следов при расследовании дорожно-транспортных происшествий. Сборник материалов учебно-методического семинара следователей и работников дознания органов МВД Каз.ССР, специализирующихся на расследовании дорожно-транспортных преступлений. Алма-Ата, 1973 г.

6. Нургалиев Б.М. Особенности осмотра места происшествия и возможности судебных экспертиз по делам о столкновениях транспортных средств. Караганда.1992 г.;

#### **14-тақырып. Сот сараптамасының басқа да түрлері. (1 сағат)**

##### **Жоспар:**

1. Экономикалық сараптама, түрлері, объектілері, сұрақтар.
2. Сот-тауарлық сараптама, түрлері, объектілері, сұрақтар.
3. Сот-құрылыстық сараптама, түрлері, объектілері, сұрақтар.

**1-сұрақ.** Э.с. қылмыстық және азаматтық істер бойынша жүргізіледі. Қылмыстық сот өндірісінде жеке меншікке қарсы, экономикалық салада

жасалатын қылмыстарды жатқызуға болады. Экономикалық сараптама пәніне: бухгалтерлік есеп операцияларына қатысты мән-жайлар, қаражат құралдарына, кәсіпорындардың шаруашылық қызметіне, салық, өзге де міндетті тқлемдерді төлеу операцияларын, несие беру ережелерінің сақталуы, экономикалық саладағы шарттардың сақталуы болып табылады.

Э.с. объектілері:

1. ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін көрсететін құжаттар;
2. ұйымдар мен кәсіпорындардың арасында жасалатын шарттар;
3. қылмыстық істің материалдары жатады.

Э.С. әдістемесі: криминалистика және экономика саласының әдістеріне негізделінген.

Зерттеу пәніне қатысты э.с. келесі түрлері бар:

1. шаруашылық операцияларды зерттейтін с.с.;
2. бухгалтерлік зерттеудің с.с.;
3. қаржы-несиелік зерттеудің с.с.

Шаруашылық операцияларды зерттеудің с.с. ШОЗ с.с. пәні – кәсіпорындардың қызметтік шаруашылығының нысаны мен құрылымы; жасалған шарттардың экономикалық мақсаты, салықты, құнды қағаздарды, өзге де төлемдерді төлеудің дұрыстығы.

ШОЗ с.с. объектісі:

1. шаруашылық қызметке қатысты құжаттар;
2. бухгалтерлік құжаттар;
3. шарттар.

Сот сарапшының алдына қойылатын сұрақтар:

- кәсіпорынның қаржы-шаруашылық есеп көрсеткіші негізделген бе;
- өкілетті субъектілер мен қаржы қоры дұрыс пайдаланылды ма;
- қаржы жоспары мен қаржы қорын құрастырғанда бұзушылық әрекеттер жоқ па;
- шарттық міндеттеме бойынша кәсіпорындардың төлемдері белгіленген мерзімде төленді ме;
- кәсіпорындардың шарттық міндеттемелерінің бұзылуының салдары;
- салық төлемеуге қатысты мемлекетке келтірілген залалдың көлемі қандай;

Сот-бухгалтерлік зерттеу. СБС пәні болып шаруашылық қызметтің бухгалтерлің есепте дұрыс көзделінуін анықтау: алғашқы есеп құжаттарында белгіленген шаруашылық операциялар туралы деректердің сәйкес еместігі; материалды-тауарлық құндылықтарды қабылдау, сақтау, тарату туралы деректерінің бухгалтерлік есепте дұрыс тіркелуі.

СБС объектілері: бухгалтерлік есептің құжаттары. Олар: 1.бухгалтерлік есептің алғашқы құжаттары; 2.бух.есептің кезекті құжаттары; 3.регистрлер; 4.бух.есептің құжаттары.

Сот сарапшының алдына қойылатын сұрақтар:

- алғашқы құжаттарда көрініс табатын регистрлерде, есептерде шаруашылық операциялар деректерінің сәйкес еместігі, анықталған бұзушылықтарға жауапты адамдар;



- материалды құндылықтардың келу мен кетудегі сәйкес еместігі;
- өндірістік шығындарды көтерілуі немесе кемуі қандай шаруашылық операциялармен байланысты;
- белгілі мерзімде пайда болған жетіспеушілік құжатының себебі;
- алғашқы құжаттармен бекітілетін есеп реестрлердің жазбалары қандай;
- белгілі шаруашылық операциялардың есеп құжаттары ережелерге сәйкес келеді ма;
- қандай нормативтік құжаттармен олар бекітіледі;
- материалды құндылықтарды қабылдау, беру кезінде есептің қандай ережелері бұзылды;
- есеп және есеп ведомстволарын жасау кезінде қандай ережелер сақталмаған;
- белгілі шаруашылық операцияларды бух.есеп жасау кезінде қажетті әдістеме сақталды ма;
- шаруашылық операциялар мен бух.есеп жасауға қатысты болған бұзушылықтарға қатысты жасалған ревизияның қорытындысы дұрыс па;

**Қаржы-несиелік зерттеу.** Пәні: қаржы-несиелік қатынастардан туындайтын экономикалық қатынастар. Яғни, несие беруші мен несие алушының арасында пайда болатын қаражат қорының пайдаланылуына қатысты туындайды. Объектілері: экон.нормативтік нормалар, лимит, дотация, несие шарттары, қаржы жоспары, бух.есептің алғашқы және сводный құжаттары, төлем талаптары, тауар жеткізу шарттары, счет фактура, төлем тапсырыстары және т.б.

Сот сарапшының алдына қойылатын сұрақтар:

- несие қаражаты мен ақша қорының қаражаттарының жұмсалуды негізді ма;
- несие қаражаты мен ақша қорының қаражаттары құрастырылуы кезінде бұзушылықтар болды ма;
- банк операциялары мен несие беру ақпараттары дұрыс па;
- алды ала несие құжаттарын алу мен пайдалануға қатысты айыптың сомасы негізделген бе;
- несиеге қатысты пайыздың түсуі дұрыс па;
- уақытында несие беруге қатысты алынатын пайыздың залалы қандай;

СЭС қылмыстық істерге қатысты тек құжатты ревизия мен салық тексерісінен ғана тағайындалады.

**2-сұрақ.** Сот-тауарлық сараптамасы. Аталған с.азаматтық және қылмыстық істер бойынша, оның ішінде жеке тұлғаға жеке меншікке қатысты тағайындалады. СТС пәні болып: 1.жартылай фабрикаттар, халық пайдаланатын тауарлардың техникалық шарттары мен стандарттарға сәйкес келуі; 2.аталған объектілердің бағасы. Объектілері: өндірістік, сату тауарлары, маркировка, өнімдер және т.б., құжаттар, яғни тауардың түрін, атауын, артикулін, сортын сипаттайтын счет-фактура, сертификаттар, сапасы туралы куәліктер, қабылдау саны мен сапасына қатысты актілері.

СТС келесі түрлері бар:

1. сату тауарларын зерттеу;

2. сатуға жатпайтын тауарларды зерттеу;
3. автотауарлық зерттеу.

Сату тауарлары өз зерттеуіне: ет-сүт, балық, бакалеялық, көкөністер, сыра, алкогольді емес ішімдіктер т.б.

Сатуға жатпайтын тауарлар өзінің зерттеуіне жеңіл өндіріс (аяқ киім, киім-кешек, текстильді тауарлар) т.б. галантерея, электротауарлар, зергерлік өнімдер т.б.

Автотауарлық тауарларға көліктер жатады.

Сот сарапшының алдына қойылатын сұрақтар:

- бұйымның атауы қандай;
- қандай өнімнен бұйым жасалған;
- өнімнің сапасы қандай; егер сапасы төмен болса, оның себебі;
- өнімнің стандарты қандай;
- ол шарттың жағдайына, техникалық ГОСТтың стандарттарына сәйкес па;
- этикетіндегі көріністерге тауар сәйкес па; сәйкес болмаса, оның себебі;
- тауар қандай әдіспен жасалған;
- тауар сақтау және жеткізу шарттарына сәйкес па;
- келтірілген залалдың мөлшері;
- тауардың, бұйымның сомасы қандай;
- тауардың кеден төлемі қандай;
- жасалған тауар нормативті-технологиялық, конструктивті және т.б. құжаттарға сәйкес па;
- бұйымның кемшіліктері бар ма;
- кемшіліктерінің себебі мен пайда болу уақыты;
- кемшіліктердің негізінде ұсынылған тауарларды сатуға бола ма; оның бағасы.

Әзірлік жұмыстары: тез бұзылатын тауарларды тез арада, жылдам с.жіберу керек.

Сарапшыға:

- зерттеу объектісін алу хаттамасы;
- объектінің саны және сапасын көздейтін құжат ұсынылады;
- үлгілері;
- салыстыру үлгілері;
- техникалық құжат;
- бух.құжат ұсынылады.

**3-сұрақ.** Сот-құрылыстық сараптама. Пәні болып: келесі деректерді анықтайтын мән-жайлар – жобалау процесті сипаттайтын, құрылыс объектілерді жөндеу, эксплуатациялау, құрылыс-техникалық және жобалау құжаттары, атап айтсақ:

- құрылыс объектілерін ғылыми-техникалық, экономикалық негізделуі;
- құрылыс процесіндегі техникалық жобалау мүмкіндігін анықтау;
- техникалық жобалау және соның салдарынан бұзылуының байланысын анықтау;

- құрылыс-монтаждық және жөндеу құрылыс жұмысының жасалу көлемі мен мазмұны (авария);

- құрылыс материалдарына кеткен шығынның көлемі мен сомасы (нормаларға сәйкес);

- құрылыс-монтажды және жөндеу құрылыстық жұмыстарының сапасы;

- құрылыс материалдары мен бұйымдардың жарамдылығы;

- құрылыстарды салу кезінде нормалар мен ережелердің сақталмауы;

- құрылыс қызметінде еңбек қауіпсіздігінің ережелерінің сақталмауы;

- құрылыс кезінде санитарлы және эксплуатациялық ережелердің сақталмауы;

- құрылысшылар мен заказчиктер арасындағы есептердің дұрыс болуы;

- жасалған құрылыс-монтажды және жөндеу құрылыс жұмыстарының сомасы.

Объектілері:

- өндірістік және әкімшілік мақсаттарға арналған құрылыстар;

- жеке меншік үйлері;

- пәтерлер мен көпқабатты үйлер;

- дачалық учаскілер;

- жоба сметалық құжаттар;

- жасалған құрылыс монтажды және жөндеу құрылыс жұмыстапырының сомасы бекітілген актілер;

- материалды техникалық есептер;

- атқару техникалық құжаттар;

- аталған жұмыстарға қатысты шарттар;

- инженерлі-геологиялық іздеулердің қорытындысы;

- жер учаскесіне қатысты құқықтық құжаттар (тех.паспорт, гос.акт) т.б..

Әдістемесі: есептеу, сынақтау, криминалистік, математика т.б. әдістерге негізделген.

Зерттеу пәніне қатысты СҚС екі түрі бар:

- қару-жайларды зерттеудің құрылыстық-экономикалық сараптамасы;

- қару-жайларды зерттеудің құрылыс-техникалық сараптамасы.

Қару-жайларды зерттеудің құрылыстық-экономикалық сараптамасының зерттеуі. Пәні: келесі деректерді анықтайтын мән-жайлар – құрылыс монтажды және жөндеу құрылыс жұмыстарының бағасы, жылжымайтын объектілердің сомасы, есеп құжаттарының дұрыстығы. Объектілері: 1.құрылыс объектілерінің зерттеуі, құрылыс монтажды жұмыстарының өндірісі бойынша есеп құжаттары, (жасалған жұмыс көлемі мен бағасы туралы, шығындалған құрылыс материалдарының бағасы туралы, құрылыс жобаларының экологиялық негізділігі туралы, тех.жобалардың кемшілігі т.с.с.), 2.жылжымайтын мүлік пен құқықтық құжаттарды зерттеу, келесі мүліктің нарықтық бағасы, пәтерлерді зерттеу, жөндеу жұмыстарына кететін шығындар, пәтерлердің фактілі бағасы т.с.с., жеке меншіктегі жер үйлер, жер учаскілері, олардың бағасы, құрылыс монтажды және жөндеу құрылыс жұмыстары.

Сұрақтар:

- жасалған құрылыс монтажды және жөндеу құрылыс жұмыстарының бағасы;

- мемлекеттік нормаларға сәйкес құжаттар жасалған ба;

- жөндеу құрылыс, монтажды жұмыстың өндірісіне кеткен шарттық юаға негізделген ба;

- жасалған жұмыстың бағалары;

- жылжымайтын мүліктердің бағасы;

- пәтердің нарықтық бағасы қандай.

Қару мекен-жайларды құрылыс техникалық зерттеудің с.с. Пәні: құрылыс жұмыстарының сапасын, ол жұмыстарының құрылыс нормативтерге сәйкестігі, құрылыс объектілерінің бұзылу себебі, қауіпсіздік техникасының орындалуы (құрылыс кезінде) туралы деректерді анықтайды. Объектілері: 1.құрылыс-монтаж, жөндеу құрылыс жұмыстарының жасалу көлемі мен мазмұны, бұл жұмыстардың сапасы, құрылыс материалдары мен бұйымдардың жарамдылығы, тех.жобалардың кемшіліктері туралы деректер; 2.объектілердің санитарлы-техникалық күйін, құқықтық тқұжаттарын анықтайтын объектілерді зерттеу; 3.пәтерлердегі жөндеу жұмыстарының көлемін, санитарлы-техникалық күйін, көлемін, бұзылу себебін т.б. зерттеу; 4.жеке меншік пен жер учаскілерінің құрылыс нормаларының, санитарлы-эксплуатация нормаларының сәйкестігін анықтау.

Сұрақтар:

- ортақ меншіктегі учаскілердің мөлшері қандай;

- жер учаскілерінің шекарасы қандай, құжаттарға сәйкес па;

- құрылыс кезінде қару мекен-жайлар санитарлы, нормалар мен ережелерге сәйкес пе т.б.;

Әзірлік әрекеттерінің ерекшеліктері: объектілері жылжымайтын мүлік болғандықтан, онда қарау әрекеттерін жүргізу керек, өлшеу, материалдық және конструкциялардың үлгісін алу қажет. Қарауды сараптама тағайындайтын орган ұйымдастырады.

**Қолданылған оқулықтар:**

1. Белуха Н.Т. Судебно-бухгалтерская экспертиза. – М.: Дело, 1993.

2. Пошюнас П. Судебная ревизия и судебно-экономические экспертизы. Вильнюс.: Минтис, 1990.

3. Тапалова Р.Б., Найманова Г.Х. Заттар мен материалдардың криминалистік сараптамасы. Алматы, Дәнекер, 2002ж.

**Лекция 15. Сарапшының қорытындысы және оны тергеуші мен соттың бағалауы. (1 сағат)**

**Жоспар:**

1. Сарапшының қорытындысының түсінігі. Сот өндірісінде дәлелдеме ретінде алатын орны.

2. Сарапшының қорытындысының мазмұны мен құрылысы.

3. Сарапшының қорытындыда көрсететін нәтижелер нысаны.

Сарапшының қателіктері.

4. Сарапшының қорытындысын тергеуші мен соттың бағалауы.

**1-сұрақ.** Сарапшының қорытындысы сарапшының ішкі сенім-нанымына негізделінеді. Таным субъектісің ретінде сарапшының эмоционалды-интеллектуалды жағдайына байланысты. Сонымен қатар объективті жағдайлар өз әсерін тигізеді. Оларға:

1. Сарапшының кәсіби білімі (арнайы білімі, сараптама тәжірибесі, өзінің жеке тәжірибесі, дағдысы);
2. Сарапшының кәсіби дағдысы, жеке басының қасиеттері (тәуелсіздігі, ойлау қабілеті, зейіні, байқағыштығы);
3. Сараптамалық зерттеу пәніне жататын жағдайлар;
4. Сараптамалық зерттену процесі (шарттары, нәтижелері, ғылыми және логика жағынан негізделуі, ақиқаттылығы);

Сарапшының нәтижесіне қойылатын талаптар:

1. біліктілігі – арнаулы білімді қажет етпейтін сұрақтар сарапшының алдына қойылмайды.
2. анықтылығы (определенность) - екі мағыналы нәтижелерге жол берілмейді.
3. түсініктілігі (доступность) – процеске қатысушылардың барлығына түсінікті болуы.

**2-сұрақ.** Қорытынды 3 бөлімнен: кіріспе, зерттеу, қорытындыдан тұрады.

Кіріспе: сараптама атауы, номеры, материалдың түскен күні және қорытынды жасау күні, сараптаманы тағайындау негізі (қандай іс бойынша, қандай күні, кіммен); Объектілер тізімі, жеткізілу жолы, буып-түйу түрі, сараптамаға қажетті қандай сараптамалар туралы мәлімет (Ф.И.О, білімі, мамандығы, стажы, ғылыми стажы, лауазымы, жауапкершілік туралы ескерту, қосымша мәлімет сұрағандығы туралы ходатайствосы;

Зерттеу: объектінің жағдайы, зерттеу барысы, схемасы, қолданылатын әдіс-тәсілдер, ғылыми техника, сараптамалық эксперимент нәтижелері, қолданылған нормативтік актілер, зерттеуге сарапшының берген бағасы. Зерттеу әдістемесі толық, түсінікті түрде жазалып көрсетілуі қажет.

Зерттеу бөлімінде көрнекі түрде көрсететін материалдар болуы керек: фотосуреттер, схема, сызба, регистрограмма және т.б.

Қорытынды: алдына қойған сұрақтың жауабы көрсетіледі. Жауап бере алмаса негізделінуі қажет.

Сарапшы қорытынды беруге мүмкін емес екендігі туралы мынадай жағдайларда хабарлауы керек:

1. құзыреттілігіне жатпаса
2. материалдар жеткіліксіз болып, ходатайство қанағаттандырылмаса
3. ғылыми жетілмеген

Жазбаша түрде- акт жазып береді.

**3-сұрақ.** Сарапшы қорытындыдағы нәтиженің формалары.

Сарапшы қорытындыларда алдына қойылған сұрақтарға нақты жауап беруге міндетті. Жауап береді немесе беру мүмкін емес деп көрсетеді. Нәтиже зерттеудің мақсаты болып, дәлелдемелік мағынаға ие болады.

Нәтиже дегеніміз – сарапшының зерттеуге жіберілген алғашқы мәліметтер мен ғылыми ережелеріне негізделген зерттеу нәтижесінде алынған ой тұжырымы. Нәтижелер шешілетін мәселе, яғни зерттеу түріне қарай (идентификациялық, классификациялық, диагностикалық, ситуациялық) деп бөлінеді.

Сарапшының нәтижесінің логикалық формасына қарай:

1) кесімді (категорические) және ықтимал (вероятностные).  
2) растайтын (положительный) және жоққа шығаратын (отрицательный).

3) Объектілермен белгі арасындағы байланысқа қатысты

А) мән-жайдың (фактінің) болуы мүмкін (о возможности)

Б) шын мәнінде болуы (о действительности)

В) болуы қажет (необходимости)

Г) қандай болуы керек (долженствовани).

А) белгілі жағдайларда қандай болатынын

Б) нақты болатынын

В) міндетті түрде болуы қажет

Г) нақты ситуацияда қандай болатынын.

4. Себепті байланыстың сипатына қарай:

Шартты және шартсыз

5. Шешімнің түріне қарай:

Альтернативті және бір мағыналы.

Қорытынды – жазбаша түрде берілетін зерттеу нәтижелері көрініс табатын процесуалдық құжат.

Сарапшы қол қойып, мөр басып, сараптама тағайындау органына жібереді.

Сарапшының қателіктері.

Қателіктер: 1. процесуалды (ҚІЖК нормаларының бұзылуы);

2. гносеологиялық (таным, логика заңдылықтарының бұзылуы);

3. қызметтік (дұрыс зерттемеу нәтижесінде пайда болады)

Қателіктердің объективтік және субъективтік себептері болады.

Объективтік – сараптамалық әдістеменің болмауы (жұмыс істемейтін құрал-жабдықтарды қолдану).

Субъективтік – біліктілігінің жеткіліксіз болуы, білмеуі, дұрыс қабылдамауы.

**4-сұрақ.** Сарапшы қорытындысын бағалау:

1. қатыстылығы;

2. жол берушілігі;

3. ақиқаттылығы.

Қорытынды заңға сай, қылмыстық іске қатысты және зерттеу жүргізу кезінде ғылыми жағынан негізделінген құрал-жабдықтарды қолданып шығарылуы қажет.

**Қолданылған оқулықтар:**

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Істер Жүргізу кодексі 1998 жылғы 1 қаңтар

**2.** Криминалистика. Учебник / Отв. ред. Н.П. Яблоков – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Юристъ, 2000./ Гл. 4, 10-16, 19 и соответствующие разделы в учебниках «Криминалистика» других изданий.